[2]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфулина, Астана, Казахстан,
[3]Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова, Астана, Казахстан,
[4]Карлов университет, Прага, Чешская Республика,
e-mail: aby93@yandex.kz

Ароматический углеводород азулен, с уникальной структурой, все чаще рассматривается как перспективный модульный компонент для создания новых органических функциональных материалов. Его привлекательность обусловлена специфической поляризованной структурой и уникальными электронными и оптическими свойствами. В данной работе с высокими выходами синтезированы новые сопряженные азулены: 2,6-бис(9*H*-карбазолил)-азулен **5** и 1,3-дикарбонитрил-2,6-бис(9*H*-карбазолил)-азулен **7.** Эти соединения демонстрируют значительную способность как поглощать, так и излучать видимый свет в области от 380 до 600 нанометров. Исследования показали, что такие уникальные фотофизические свойства, в частности интенсивное излучение в

синей и фиолетовой области фотолюминесценции (λем при 460 и 410 нм), отсутствующее у исходного азулена, обусловлены донорно-акцепторным влиянием карбазолильных и карбонитрильных заместителей в положениях C_1, C_2, C_3 и C_6 азулена. Это влияние сильно меняет электронное строение азулена, что приводит к возможности разрешенного электронного перехода HOMO → LUMO. DFT расчеты подтверждают экспериментальные результаты, показывая изменения в электронной структуре азулена, которые приводят к разрешенному электронному переходу π→π*, ранее квалифицированных как запрещенные.

Полученные результаты обеспечивают рациональный подход к конструированию новых сопряженных соединений на основе азулена для применения в оптоэлектронных и фотонных устройствах.

Ключевые слова: азулены, карбазолилазулены, карбонитрилазулены, сопряженные азулены, спектры поглощения, спектры флуоресценции

PHOTOPHYSICAL PROPERTIES OF NITROGEN-CONTAINING CONJUGATED AZULENES

[1]N. Merkhatuly, [1]A.N. Iskanderov✉, [2]S.K. Zhokizhanova, [1]A.N. Iskanderov, [3]Kh.B. Omarov, [4]P. Vojtishek

[1]Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan,
[2]Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifulin, Astana, Kazakhstan,
[3]Kazakh University of Technology and Business named after K.Kulazhanov, Astana, Kazakhstan,
[4]Charles University, Prague, Czech Republic,
e-mail: aby93@yandex.kz

Azulene, an aromatic hydrocarbon with a unique structure, is increasingly being considered as a promising modular component for the creation of new organic functional materials. Its appeal stems from its specific polarised structure and unique electronic and optical properties. In this work, new conjugated azulene derivatives were synthesised with high yields: 2,6-bis(9H-carbazolyl)-azulene **5** and 1,3-dicarbonitrile-2,6-bis(9H-carbazolyl)-azulene **7**. These compounds have a pronounced ability to absorb and emit visible light in the range from 380 to 600 nanometres. Research has revealed that their unusual photophysical characteristics, including intense blue and violet light emission during photoluminescence (at wavelengths of 460 and 410 nm), which is absent in the original azulene, are associated with the donor-acceptor interaction of the carbazolyl and carbonitrile groups located at positions C_1, C_2, C_3 and C_6 of the azulene molecule. This influence significantly alters the electronic structure of azulene, leading to the possibility of a permitted HOMO → LUMO electronic transition. DFT calculations confirm the experimental results, showing changes in the electronic structure of azulene that lead to an allowed π→π* electronic transition, previously classified as forbidden. The obtained results provide a rational approach to the development of new azulene-based conjugated compounds for use in optoelectronic and photonic devices.

Key words: azulenes, carbazolylazulenes, carbonitrilazulenes, conjugated azulenes, absorption spectra, fluorescence spectra


Кіріспе. Кеңейтілген π-электронды қосарланған жүйелі ароматты молекулалардың кең қолданыс табуы, олардың оптоэлектроникада функционалды материал ретінде маңызды роль атқаруына негізделген. Кейінгі уақытта ароматты және гетероароматты қосылыстарға, әсіресе өзгеріске ұшыраған арилды топтарға және акцепторлы және/немесе донорлы қасиеттері бар топтарға көп қызығушылық білдіріп жатыр. Мысалы, өздерінің маңызды электрдонорлы қасиеттерімен белгілі дифениламинонафталиндер және дифениламиноантрацендер әртүрлі салаларда органикалық жартылай өткізгіштер, тотығу - тотықсыздану реакцияларына қатысатын және органикалық сәуле шығаратын диодтар (OLEDs) мен металлорганиклық қаңқалар (MOFs) құратын материалдар ретінде зерттеушілредің назарын өздеріне аударып отыр [1-5].

Ароматты жүйелердің басты артықшылығы - материалдардың электронды құрылымын дәл реттеу қабілеті, олардың морфологиясын оптимизациялап тиімділігін арттыру болып табылады. Осы мақсатта нафталиннің құрылымдық изомеры – азуленге ерекше назар аудару керек [6,7].

Азулен ерекше ароматты көмірсутек, ол өзіне тән құрылымына байланысты ерекше электрондық және спектрлік қасиеттерге ие. Олардың қатарына дипольдік құрылымы (μ 1,08 D) [8] және Каши ережесіне сай келмейтін флуоресценция жатады, мұнда $S_2 \rightarrow S_0$ ауысуы байқалады [9]. Азуленнің құрылысын тропилий катионы мен циклопентадиенил анионы конденсациясының нәтижесінде пайда болған жүйе ретінде сипаттауға болады (1а – суретте көрсетілгендей). Бұл ерекше құрылымдық архитектура жиі кездесетін ароматты көмірсутекпен салыстырып қарағанда HOMO деңгейінің биіктеуіне және LUMO –нің төмендеуіне алып келеді [6]. Оның 1 және 3 орындары HOMO деңгейіндегі үлкен атомдық орбиталь коэффициенттер көрсетеді, ал 2 мен 6 орындары HOMO-1 және LUMO үлкен коэфициенттеріне ие [6]. Түссіз нафталиннен айырмашылығы, азулен қою көк түске ие, ол S_0 - S_1 көшумен байланысты сіңіруді көрсетеді (λmax шамамен 580 нм тең). Бұл рұқсат етілген π- π* электронды ауысу үшін молярлық коэфициентті өте аз (350 $M^{-1}см^{-1}$) [10].

Осыған сәйкес, оны донорлық және акцепторлық топтар қосу арқылы модификациялау азуленнің электрондық қасиеттерін түпкілікті өзгертеді, нәтижесінде ерекше оптикалық-электрондық қасиеттері бар жаңа функционалдық материалдарды дайындап шығаруға мүмкіндік береді.

Осы жұмыста карбазолил және карбонитрил топтары бар, жаңа қосарланған азуленнің сәтті синтезі жүзеге асырылғаны жайлы баяндалады. Жоғары пайызбен 2,6-бис(9Н-карбазолил)-азулен **5** және 1,3-дикарбонитрил-2,6-бис(9Н-карбазолил)-азулен **7** синтезделіп алынды. Жұмыста **5** және **7** қосылыстардың фотофизикалық қасиеттерінің талдаулары берілген, нәтижелерге сәйкес, аталған құрылымдар HOMO мен LUMO деңгейлері арасында рұқсат етілген электрондық өтуге мүмкіндік береді, нәтижесінде көрінетін спектр диапазонында күшті сіңіру мен сәуле шығару сызықтарының пайда болуын қамтамасыз етеді.



1

1 - сурет. Азуленнің 1 поляризацияланған резонанстық құрылымы

Материалдар мен әдістер. ^{1}H және ^{13}C ЯМР спетрлері JNM-ECA 500 (Jeol, Tokyo, Japan) спектрометрінде (еріткіш DMSO-D_6, жұмыс жиілігі ^{1}H үшін 500 МГц және ^{13}C үшін 126 МГц) алынды. ИҚ-спектрлер (KBr таблетка) Avatar-360 (Thermo Nicolet, USA) спектрометр көмегімен түсірілді. Thermo Electron Corporation (Thermo Fisher Scientific Inc, USA) компаниясының DFS масс-спектрометр көмегімен жоғары айырымдылықтағы масс-спектрлер (HRMS) түсірілді. Shimadzu UV-1800 (Shimadzu, Japan) спектрофотометрінде УК-көрінетін спектрлері алынды. Флуоресценция спектрлері Agilent Cary Eclipse (Agilent Technologies, USA) флуориметр құрылғысында жүргізілді. Buchi M-560 (Buchi, Switzerland) құрылғысында қосылыстардың балқу температурасын анықталды. **5** және **7** қосылыстың жұқа қабықшасы spin-coating (Spin-Coater SPIN150i, Germany) әдісімен (10 мг/мл хлорбензолда, 1000 айналым/минутында 60 секунд бойы жүргізілді) дайындалды.

2,6-Бис(9*H*-карбазолил)-азулен (5). Құрғақ толуолда (30 мл) дибромазуленді **3** (286 мг, 1,00 ммоль) және карбазолды **4** (462 мг, 3,00 ммоль) еріттік. Сосын, бөлме температурасындағы аргон ағынында ерітіндіге ацетат палладия (II) (12 мг, 0,05 ммоль), *t*-BuOK (1,57 г, 14,0 ммоль) және *t*-Bu_3PHBF_4 (3,0 мг, 0,01 ммоль) қостық.3 сағат ерітіндіні қайнатып, целит көмегімен фильтрледік. Органикалық еріткішті Na_2SO_4 көмегіен сусыздандырып, еріткішті вакуумда буландырдық. Силикагель негізінде колонкалық хроматография көмегімен өнім-

ді тазаладық. Элюенттік жүйе ретінде DCM және гексанның 1:9 қатынасы қолданылды. Тазаланған өнім DCM еріткішінде қайта кристалдануға ұшырады. Нәтижесінде 80% шығыммен 367 мг қою қоңыр түсті қатты өнім алынды. Балқу температурасы. 153-154°C. УК-спектрі (ν, $см^{-1}$): 2990, 2850, 1571, 1448, 1395, 1340, 1230, 1201. ЯМР^{1}Н спектрі: δ 8.25 (д, J = 7.6 Гц, $4H^{1,8}_{Cz}$), 8.06 (д, J = 7.6 Гц, $4H^{4,5}_{Cz}$), 8.00 (д, J = 8.2 Гц, $2H^{4,8}_{Az}$), 7.76 (с, $2H^{1,3}_{Az}$), 7.50 – 7.43 (м, $2H^{5,7}_{Az}$), 7.39-7.33 (м, $8H^{2,3,6,7}_{Cz}$). ЯМР^{13}С спектрі: δ 144.78, 140.22, 139.93, 136.85, 136.33, 127.17, 125.97, 125.31, 124.18, 122.89, 121.70, 121.08, 120.62, 118.95, 111.42, 111.01. Жоғары айырымдылықтағы масс-спектр (HRMS, ESI): *m/z* анал. есеп үшін $C_{34}H_{22}N_2$ $[M]^+$: 458.2451, табылды 458.2452.

1,3-Дибром-2,6-бис(9*H*-карбазолил)-азулен (6). **5** (230 мг, 0,5 ммоль) қосылысты CH_2Cl_2 (5 мл) еріткіште еріттік. Ерітіндіге -78^{0}C температурада аргон атмосферасында NBS (195 мг, 1,1 ммоль) CH_2Cl_2 (20 мл) ерітілген ерітіндіні жайлап қостық.2 сағат бойы ерітіндіні араластырдық. Сосын ерітіндіні қаныққан $NaHCO_3$ сулы ерітіндісімен бейтараптандырдық. Органикалық фазаны бөліп алып, бейтарап ортаға жеткенше сумен жудық. Сосын органикалық қабатты Na_2SO_4 қолдана кептірдік және алюминий оксиді көмегімен фильтрледік. Роторлық буландырғыш көмегімен еріткішті концентрлеп және қайта кристалдандыру CH_2Cl_2 еріткішінде жүргізіп қою жасыл қатты 553 мг (90 %) өнім алдық. Балқу температурасы 220-222^{0}C. УК-спектрі (ν, $см^{-1}$): 2920, 2851, 1581, 1462, 1385, 1269, 725. ЯМР^{1}Н спектрі: δ 8.27 (д, J = 7.7 Гц, $4H^{1,8}_{Cz}$), 8.10 (д, J = 7.8 Гц, $4H^{4,5}_{Cz}$), 7.99 (д, J = 8.6 Гц, $2H^{4,8}_{Az}$), 7.52 – 7.41 (м, $2H^{5,7}_{Az}$), 7.40-7.30 (м, $8H^{2,3,6,7}_{Cz}$). ЯМР^{13}С спектрі: δ 144.78, 140.22, 138.87, 137.35, 136.85, 135.85, 128.77, 125.67, 123.90, 122.82, 121.70, 121.08, 120.66, 113.57, 111.27. Жоғары айырымдылықтағы масс-спектр (HRMS, ESI): *m/z* анал. есеп $C_{34}H_{20}{}^{79}Br_2N_2$ $[M]^+$ үшін: 614.0686, found: 614.0678.

1,3-Дикарбонитрил-2,6-бис(9*H*-карбазолил)-азулен (7). 1,3-Дибром-2,6-карбазолилазуленді **6** (307 мг, 0,5 ммоль) диметилформамидте (10 мл) араластырлып жатқан ерітіндіге CuCN (178 мг, 2,2 ммоль) қостық. Ары қарай қоспаны 6 сағат бойы қайнаттық. Сосын ерітіндіні суытып аммиактың сулы ерітіндісін (40 мл) қосып, тағыда 5 сағат араластырдық. Түзілген тұнбаны фильтрлеп, гексан/DCM ерітіндісінің 9:1 қатынасында силикагель негізінде колонкалық хроматография жүргіздік. DCM ерітіндісінде қайта кристалдандырып, қою қоңыр түсті 406 мг (80%) өнім алдық. Балқу температурасы 303-305^{0}C. УК-спектрі (ν, $см^{-1}$): 2925, 2853, 2202, 1504, 1412, 1385, 1280, 740; ЯМР^{1}Н спектрі: δ 8.73 (д, J = 9.7 Гц, $4H^{1,8}_{Cz}$), 8.48 (д, J = 9.8 Гц, $4H^{4,5}_{Cz}$), 8,14 (д, J = 8.0 Гц, $2H^{4,8}_{Az}$), 7.75 – 7.68 (м, $2H^{5,7}_{Az}$), 7.61-7.38 (м, $8H^{2,3,6,7}_{Cz}$). ЯМР^{13}С спектрі: δ 144.78, 140.22, 138.87, 137.35, 136.85, 135.85, 128.77, 125.67, 123.90, 122.82, 121.70, 121.08, 120.66, 113.57, 111.27. Жоғары айырымдылықтағы масс-спектр (HRMS, ESI): *m/z* анал. есеп $C_{36}H_{20}N_4$ $[M]^+$ үшін: 508.3951, табылды: 508.3953

Нәтижелер мен талқылау. 1 және 2 схемадағы қосарланған азуленді қосылыстардың 2,6-бис(9Н-карбазолил)-азулен **5** және 1,3-дикарбонитрил-2,6-бис(9Н-карбазолил)-азулен 7 түзілуіне әкелетін әртүрлі синтетикалық жолдарды бейнелейді.

1-ші схема ([11] жұмыста сипаттағандай) $(Bpin)_2$ мен Ir- катализаторын қолдана отырып **1**-ді C_2-Н-борилдеу арқылы негізгі диборилазуленнің **2** алынуын көрсетеді. Әрі қарай диборил **2** мыс бромидымен сәтті әрекеттесіп, нәтижесінде 2,6-дибромазулен **3** түзіледі. Бұл өнімнің шығымы 70% [12].

Соңғы **5** өнімнің алынуы, **3** және карбазол **4** кросс-бірігу арқылы палладий катализаторының қатысында жоғары шығыммен (80%) жүзеге асырылды. Дикарбазолилазуленнің **5** NBS әрекеттесуі региоселективті бромдау жағдайында (2 схема) жоғары шығыммен (90 %) дибромидке **6** әкеледі [13]. Кейін **6** DMF-да мыс цианидімен реакциясы мақсатты 7 дикарбонитрилге 80% шығыммен алуға мүмкіндік береді.

Зерттелген **5** және **7** азулендер қою қоңыр түсті тұрақты қатты заттар болып табылады. Бөлме температурасында CH_2Cl_2, $CHCl_3$, C_6

H_5CH_3 и C_6H_5Cl еріткіштерінде ерігіштіктері жақсы екендігін көрсетті.

5, 6 және **7** құрылыстары мен тазалығы физика-химиялық әдістерімен (1H ЯМР, 13C ЯМР, ИҚ және МС) дәлелденді (материалдар мен әдістер бөлімі).




Схема 1 – 5 қосылысының синтезі: (i) $(Bpin)_2$, $[IrCl(cod)]_2$, 2,2'-bpy, циклогексан, қайнату, 70%; (ii) CuBr, DMF, 90°C, 70%; (iii) $Pd(OAc)_2$, t-BuOK, t-Bu_3PHBF_4, толуол, қайнату, 80%.




Схема 2 – 7 қосылысының синтезі: (i) NBS, DCM, қайнату, 78°C, 90%. (ii) CuCN, DMF, қайнату, 80%.

Қосылыстардың (**5** және **7)** UV-Vis спектрлері 2 суретте көрсетілген және 1 кестеде олардың мәліметтері берілген. **5** қосылыс сіңіру спектрлерінде (ДСМ) λmax 440 нм кезінде (ε = 34 145 $M^{-1}см^{-1}$) (кесте 1) жаңа сіңіру жолақтары байқалады. Сол сияқты, **7** қосылыс HOMO-LUMO электронды ауысуы 452 нм (ε = 54 117 $M^{-1}см^{-1}$) кезінде күшті сіңіру жолағын көрсетеді. Көрінетін жұтылудың жоғары молярлық коэффициенттері орынбасушылар мен азуленді фрагменттің күшті өзара әрекеттесуі бар екенін дәлелдейді, яғни сіңірудің тиімділігін жоғарылатады.

7 қосылыста көрінетін максимум жұтылуы қызыл аймаққа 12 нм ығысады және **5** максимум жұтылуымен салыстырғанда жоғары тиімділігін көрсетеді. **7** қосылыста π-қосарланудың ұлғаюы және электрондардың делокализациясы оның HOMO-LUMO (сурет.5) энергетикалық айырмасының азаюына әкеледі, яғни **5** салыстырғанда спектрлердегі байқалған батохромдық ауысуға ықпал етеді.

Айрықша атап өтсек, **5** және **7** көрінетін жұтылуы бастапқы азулен **1** қарағанда әлдеқайда жоғары қарқындылыққа иеленеді. Бастапқы азуленнің молярлық сіңіру коэффиценті бар жоғы 350 $M^{-1}см^{-1}$ [10].

Сонымен қатар, **5** және **7** электронды жұтылуы жұқа қабатта (тәжірибелік бөлім, сурет 3) зерттелді.3а суретте берілген спектрлік талдаулар көрсеткендей, **5** және **7** қосылыстарының жұқа қабатта сіңіру қасиеті олардың ерітіндіде жұтылуымен тұтастай алғанда жақын екенін көрсетеді (сурет 3b немесе сурет 2). Алайда, **5** және **7** көрінетін жұтылу максимумдары (сәйкесінше, λmax 440 және 452 нмде) ерітіндімен салыстырғанда 14 және 16 нанометрге ұзын толқындық аймаққа ығысады. Мұндай қызыл ығысулар молекулалар арасындағы өзара әре-


кеттесу нәтижесінде орын алуы мүмкін [13].

Тәжірибеде функционалды материалдар ретінде жиі қолданылатын заттардың сіңіру жолағы 380-500 нм аралықта екенін маңызды атап өту керек [14,15]. Алынған **5** және **7** қосылыстарының сіңіру жолақтары ұзын толқындық диапазонда орналасқан.


1 - кесте. 5 және 7 UV-Vis және флуоресценция спектрлері мәліметтері

Қосылыстар	Еріткіш	Жұтылу		Флуоресценция b	
		λabs, нм	ε, М-1см-1	λem,нм	Қарқындылығы,у.е.
5	Дихлор-метан	293	86 118	460	566
		320	84 118		
		440	34 145		
7	Дихлор-метан	292	85 652	410	871
		354	43 640		
		452	54 117		

[a] CH_2Cl_2, қоршаған ортаның температурасы, C = 1 × 10^{-4} M;
[b] λ ex (қоздыру толқынының ұзындығы) **5** үшін 360 нм және **7** үшін 320 нм



2 - сурет.5, 7 және 1 қосылыстарының UV-Vis спектрлері




3 - сурет.5 және 7 қосылыстарының UV-Vis сіңіру спектрлері: (a) пленкада; (b) дихлорметанда

4 суретте **5** және **7** қосылыстарының флуоресценция спектрлерін көрсетеді, ал олардың басты сипаттамалары 1-кестеде берілген. **5** қосылысының спектрі максимумы 460 нм (λex = 360 нм) болатын жаңа көрінетін эмиссия жолағын көрсетсе, молекула **7** максимумы 410 нм (λex = 320 нм) болатын күшті эмиссия жолағын көрсетеді.


4 суретте көрсеткендей **7**-нің көрінетін эмиссия шыңы гипсохромды 50 нанометрге жылжығанын және **5** эмиссиясымен салыстырғанда жоғары интенсивтілік көрсетіп тұр. Атап айтсақ,

донор-акцепторлы **5** және **7** азулендер күлгін және көк фотолюминесценция аймағында белсенді сәулеленуге қабілетті, өйткені бастапқы қосылыс **1** ондай қабілеттерге ие емес [9,10].

Осылайша, азуленнің 2,6 және 1,3 орындарына донорлы және акцепторлы орынбасушыларды еңгізу ерекше күшті электрондық жұтылуы (ε = 34 145 М- 1см-1және ε = 54 117 М-1см-1) мен көрінетін аймақтағы флуоресцентті эмиссияларға (566 a.u мен 871 a.u) әкеледі.



4 - сурет.5 және 7 қосылыстарының флуоресценция спектрлері



5 - сурет. Азуленмен 1 салыстырғанда 5 және 7 фронтальды МО таралуы

5 және **7** қосылыстарының электрондық құрылысын талдау және құрылысы мен оптикалық қассиеттерінің арасындағы байланысты орнату үшін DFT (B3LYP/6-31G*) есептеулері жүргізілді (сурет 5).

Есептік талдау жоғары толтырылған молекулалық орбитальдің (HOMO) азулен қаңқасы, карбазолил және карбонитрил орынбасушы-

лары бойынша таралуын көрсетеді (сурет 5). HOMO орбитальдарының таралуы карбазол **4** жоғары толтырылған МО және бастапқы азулен **1** HOMO-1 арасындағы өзара әрекеттесуінің арқасында жүзеге асады [13]. Себебі, бастапқы азуленнің HOMO-сындағы 2 және 6 көміртек атомдары түйіндік жазықтықта, ал HOMO-1 де осы атомдар түйіндік жазықтықта орналаспаған және үлкен атомдық-орбитальдық коэффициенттерге ие [10].

Сонымен қатар, **5** және **7** қосылыстарының HOMO (-5,25 эВ және -5,63 эВ) мен LUMO (-1,98 эВ және -3,02 эВ) деңгейлеріндегі энергиялары бастапқы **1** молекулаға қарағанда төмен. Нәтижесінде, осы қосылыстардың шекаралық орбитальдар арасындағы энергетикалық алшақтықтың 0,24 және 0,75 эВ-ға төмендеуі 5-суретте көрсетілген.

Шекаралық МО деңгейлерінің осындай өзгерістері $\pi \rightarrow \pi^*$ электрондық ауысуына әкеледі [9,10]. Осы жағдай спектрдің көрінетін бөлігінде күшті жұтылу мен сәулеленудің пайда болуымен байланысты, ол **5** және **7** спектрлік сипаттамаларымен расталады (сурет 2 және 4, кесте 1).

Қорытынды. Синтез және жаңа қосарланған **5** пен **7** азулендерді зерттеу олардың ерекше оптикалық сипаттамаларын көрсетті. Карбазолил орынбасушыны 2 жән)е 6 орындарына, сондай-ақ азулен қаңқасына карбонитрил топтарын 1 және 3 орындарына қосу көрінетін спектрлік диапазонында (380-600 нм) сіңіру және шығару қасиеттерін айқындады. DFT әдісімен шығарылған есептеулер эксперименттік деректерді растайды. Азуленнің электрондық құрылымындағы өзгерістер бұрын тыйым салынған $\pi \rightarrow \pi^*$ электронды ауысуға әкеледі. Синтезделген қосарланған **5** және **7** азулендер органикалық оптоэлектроникада қолдануға үлкен қабілетке ие.

Қаржыландыру: *Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру (BR21882309) аясында жүзеге асырылды.*

References

1. Freudenberg J., Jänsch D., Hinkel F. Immobilization Strategies for Organic Semiconducting Conjugated Polymers // Chem. Rev.-2018.- V.118(11):5598. DOI10.1021/acs.chemrev.8b00063.

2. Roy M., Walton J.H., Fettinger J.C., Balch A.L. Direct Crystallization of Diamine Radical Cations: Carbon-Nitrogen Bond Formation from the Reaction of Triphenylamine with TiCl4 $TiBr_4$, or $SnCl_4$ versus Carbon-Carbon Bond Formation with $SbCl_5$// Chem. Eur. J -2022.-V. 28(17): e202104631. DOI: 10.1002/chem.202104631.

3. Zhang J., Chen Z., Yang L., Pan F.F., Yu G.A., Yin, J., Liu S.H. Elaborately Tuning Intramolecular Electron Transfer Through Varying Oligoacene Linkers in the Bis(diarylamino) Systems// Sci. Rep. - 2016. - V.6: 36310. DOI 10.1038/srep36310.

4. Wang X., Zhang Z., Song Y., Su Y., Wang X. Bis(phenothiazine)arene diradicaloids: Isolation, characterization and crystal structures // Chem. Commun.- 2015.- V.51.-P.11822-11825. DOI 10.1039/C5CC03573B.

5. Mayer D.C., Manzi A., Medishetty R., Winkler B., Schneider C., Kieslich G., Pothig A., Feldmann J., Fischer R.A. Controlling Multiphoton Absorption Efficiency by Chromophore Packing in Metal-Organic Frameworks// J. Am. Chem. Soc. - 2019.- V.141(29). - P. 11594-11602. DOI 10.1021/jacs.9b04213.

6. Xin H., Hou B., Gao X. Azulene-Based π-Functional Materials: Design, Synthesis, and Applications//Acc. Chem. Res.- 2021.-V.54(7)- P.1737-1753. DOI 10.1021/acs.accounts.0c00893.

7. Shoji T., Ito S., Yasunami M. Synthesis of Azulene Derivatives from 2H-Cyclohepta[b]furan-2-ones as Starting Materials: Their Reactivity and Properties. Int. // J. Mol. Sci.- 2021.- V.22(19): 10686. DOI: 10.3390/ijms221910686.

8. Anderson A.G., Steckler B.M. Azulene. VIII. A Study of the Visible Absorption Spectra and Dipole Moments of Some 1- and 1,3-Substituted Azulenes // J. Am. Chem. Soc. – 1959.-V.81.-P.4941−4946. DOI 10.1021/ja01527a046

9. Dunlop D., Ludvikova L., Banerjee A., Ottosson H., Slanina T. Excited-State (Anti)Aromaticity Explains Why Azulene Disobeys Kasha's Rule // J. Am. Chem. Soc.- 2023.-V.145(39).- P.21569–21575. DOI 10.1021/jacs.3c07625.

10. Shevyakov S.V., Li H., Muthyala R., Asato A.E., Croney J.C., Jameson D.M., Liu, R.S. Orbital control of the color and excited state properties of formylated and fluorinated derivatives of azulene // J. Phys. Chem. A.- 2003.-V.107(18): 3295. DOI 10.1021/jp021605f.

11. Kurotobi K., Miyauchi M., Takakura K., Murafuji T., Sugihara Y. Direct Introduction of a Boryl Substituent into the 2-Position of Azulene: Application of the Miyaura and Smith Methods to Azulene//Eur.J.Org. Chem. -2003(18). - V.2003.- P.3663-3665. DOI 10.1002/ejoc.200300001.

12. Narita M., Murafuji T., Yamashita S., Fujinaga M., Hiyama K., Oka Y., Tani F., Kamijo S., Ishiguro K. Synthesis of 2-Iodoazulenes by the Iododeboronation of Azulen-2-ylboronic Acid Pinacol Esters with Copper(I) lodide// J. Org. Chem.- 2018. - V.83(3).- P.1298-1303. DOI 10.1021/acs.joc.7b02820.

13. Tsuchiya T., Hamano T., Inoue M., Nakamura T., Wakamiya A., Mazaki Y. Intense absorption of azulene realized by molecular orbital inversion // Chem. Commun.- 2023. - V.59. P.10604–10607. DOI 10.1039/D3CC02311G.

14. Wang Z.S., Koumura N., Cui Y., Takahashi M., Sekiguchi H., Mori A., Kubo T., Furube A., Hara K. Hexylthiophene-Functionalized Carbazole Dyes for Efficient Molecular Photovoltaics: Tuning of Solar-Cell Performance by Structural Modification // Chem. Mater. - 2008. V.20(12). P.3993-4003. DOI: 10.1021/cm8003276.

15. Shirota Y., Kageyama H. Charge Carrier Transporting Molecular Materials and Their Applications in Devices // Chem. Rev.- 2007.- V.107(4).- P.953-1010. DOI 10.1021/cr050143

Авторлар туралы мәліметтер

Мерхатұлы Н. - химия ғылымдарының докторы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: merhatuly@ya.ru;

Искандеров А. Н. - академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: aby93@yandex.kz;

Жокижанова С.К. - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, химия ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан, e-mail: saltanat_zh75@mail.ru;

Искандеров А. Н. - академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми қызметкері, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: dr-amantay@ya.ru;

Омаров Х.Б. - ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің профессоры, Астана, Қазақстан, e-mail: homarov@mail.ru;

Войтишек П. - химия ғылымдарының докторы, профессор Карлов университеті, Прага, Чех Республикасы, e-mail: pavel.vojtisek@natur.cuni.cz.

Information about the authors

Merkhatuly N. - doctor of chemical sciences, professor at Karaganda university named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan e-mail:merhatuly@ya.ru;

Iskanderov A. N. - senior lecturer, Karaganda university named after academician E. A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: aby93@yandex.kz;

Zhokizhanova S. K. - candidate of chemical sciences, associate professor, S. Seifullin Kazakh agrotechnical research university, Astana, Kazakhstan, e-mail: saltanat_zh75@mail.ru;

Iskanderov A. N. - research associate, Karaganda university named after academician E. A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan,

e-mail: dr-amantay@ya.ru;

Omarov Kh.B. - academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of technical sciences, professor at the Kazakh University of Technology and Business named after K. Kulazhanov, Astana, Kazakhstan, e-mail: homarov@mail.ru;

Vojtishek P. - doctor of chemical sciences, professor at Charles University, Prague, Czech Republic, e-mail: pavel.vojtisek@natur.cuni.cz.

МРНТИ 61.01.11 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-686**

БЕРІКТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ БИОЫДЫРАЙТЫН КОМПОЗИТТЕР: ҚАПТАМАДА ЖӘНЕ ІРГЕЛЕС САЛАЛАРДА ҚОЛДАНУ БОЛАШАҒЫ (Аналитикалық шолу)

А. Колпек, Э.Е. Копишев✉, Г.Ж. Сейтенов✉, А.К. Турсынова, Л.Б. Толымбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
✉*Корреспондент-автор: kopishev_eye@enu.kz, seitenova_gzh@enu.kz*

Қазіргі таңда полимерлі композициялық материалдарды қолдану аясы кең аумақты қамтиды. Полимерлердің қасиеттерін мақсатты түрде таңдау және модификациялау арқасында балама полимерлі композиттік жүйелерді әзірлеу арқылы материалдардың өнімділік сипаттамаларын айтарлықтай жақсартуға болады. Композиттік материалдардың тарихы адамдар мықты, берік, жеңіл бұйымдар жасау үшін табиғи талшықтар мен саздарды пайдаланған ежелгі дәуірден басталады және авиация, автомобиль және көптеген өнімдер үшін жоғары өнімді композиттерді жасауға мүмкіндік беретін заманауи технологиялардың пайда болуымен байланысты болды. Полимерлі материалдардың дамуы бірнеше ондаған жылдарды қамтиды және көптеген маңызды жаңалықтар мен зерттеулерді қамтиды. Полимерлермен жүргізілген алғашқы тәжірибелерден қазіргі заманғы жоғары технологиялық шешімдерге дейін полимерлі материалдарды қолдану айтарлықтай кеңейді. Осы жылдар ішінде полимерлік материалдардың дамуының негізгі кезеңдерін және осы салаға елеулі үлес қосқан ғалымдарды қарастырайық.Мұндай материалдардың даму тарихы елеулі ғылыми жаңалықтармен және көптеген зерттеулермен бірге бірнеше ондаған жылдарға созылады.

Бұл мақалада полимерлі композициялық материалдардың даму процесі, олардың жіктелуі, қасиеттерін анықтайтын негізгі факторлар, заманауи инновациялық жүйелер, сонымен қатар олардың одан әрі даму болашағы туралы ағымдағы деректер берілген.

Түйін сөздер: полимер, композитті материал, қондырғылар, наноталшықтар, биологиялық орта, механикалық өңдеу, биоыдырау.

РАЗРАБОТКА ВЫСОКОПРОЧНЫХ И БИОРАЗЛАГАЕМЫХ КОМПОЗИТОВ: ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ В УПАКОВКЕ И СМЕЖНЫХ ОТРАСЛЯХ (Аналитический обзор)

А. Колпек, Э.Е. Копишев✉, Г.Ж. Сейтенова✉, А.К. Турсынова, Л.Б. Толымбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
e-mail: kopishev_eye@enu.kz, seitenova_gzh@enu.kz

В настоящее время область применения полимерных композиционных материалов охватывает широкий спектр направлений. Благодаря целенаправленному выбору и модификации свойств полимеров, возможно существенно улучшить эксплуатационные характеристики материалов, разработав альтернативные полимерные композиционные системы. История композиционных материалов начинается с древних времен, когда люди использовали природные волокна и глину для создания прочных и легких изделий, и продолжает развиваться с появлением современных технологий, позволяющих создавать высокоэффективные композиты для авиации, автомобилестроения и многих других отраслей. Развитие полимерных материалов охватывает несколько десятилетий и включает в себя множество значимых открытий и исследований. С момента первых экспериментов с полимерами до современных высокотехнологичных решений, использование полимерных материалов значительно расширилось. Рассмотрим ключевые этапы развития полимерных материалов по годам, а также ученых, которые внесли значительный вклад в эту область. Разработки таких материалов насчитывает несколько десятилетий, сопровождаясь значительными научными открытиями и многочисленными исследованиями.

В данной статье представлены актуальные данные о процессе разработки полимерных композиционных материалов, их классификации, ключевых факторах, определяющих их свойства, современных инновационных системах, а также перспективах их дальнейшего развития.

Ключевые слова: полимер, композиционный материал, присадки, нановолокна, биологическая среда, механическая обработка, биоразложение

DEVELOPMENT OF HIGH-STRENGTH AND BIODEGRADABLE COMPOSITES: PROSPECTS FOR APPLICATION IN PACKAGING AND RELATED INDUSTRIES (analytical review)

A. Kolpek, E.Ye.Kopishev✉, G.Zh.Seitenova✉, A.K.Tursynova, L.B.Tolymbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
e-mail: kopishev_eye@enu.kz, seitenova_gzh@enu.kz

The field of application of polymer composite materials is currently extensive, encompassing a multitude of areas. The targeted selection and modification of polymer properties allows for the significant improvement of materials' performance characteristics through the development of alternative polymer composite systems. The history of composite materials dates back to ancient times, when people used natural fibers and clays to create strong, lightweight products, and continues to evolve with the advent of modern technologies that allow the creation of high-performance composites for aviation, automotive and many other industries. The development of polymer materials spans several decades and includes many significant discoveries and research. From the first experiments with polymers to modern high-tech solutions, the use of polymer materials has expanded significantly. Let' s look at the key stages in the development of polymer materials over the years, as well as the scientists who made significant contributions to this area. The development of such materials goes back several decades, accompanied by significant scientific discoveries and numerous studies.

This article presents relevant data on the development process of polymer composite materials, their classification, key factors determining their properties, modern innovative systems, and prospects for their further development.

Keywords: polymer, composite material, additives, nanofibers, biological environment, mechanical processing, biodegradation

Кіріспе. Бүгінгі таңда полимерлі материалдар өнеркәсіптің басым көпшілігінде және халық шаруашылығында кеңінен қолданылады. Полимерлердің пайдалану қасиеттерін олардың негізінде полимерлі композициялық материалдарды жасау арқылы айтарлықтай жақсартуға болады. Осы саладағы перспективті бағыттардың бірі әртүрлі салаларда қолдану үшін жоғары беріктігі мен биоыдырағыштығы бар полимерлі композиттерді жасау болып табылады [1-3].

1907 жылы Лео Баекеланд электр жабдықтары, автомобиль бөлшектері мен ас үй ыдыстары сияқты көптеген өнімдерге негіз болатын алғашқы синтетикалық полимер (термосеттік пластик) ойлап тапты [1,4-7].

1920 жылы ғалымдар полимерлі винилхлоридті алып, оны пластмасса өндірісінде қолданды [1-3,6].

1930-1950 жылдары полимерлер көп мөлшерде шығарыла бастады және халық тұтынатын тауарлар мен құрылыс материалдарын өндіруде кеңінен қолданыла бастады.

1951 жылы Жан Фризен және Райнер Саймон полипропиленді ойлап тапты. Бұл өндірісі арзан және орауыш пен тоқыма бұйымдарын қоса алғанда, көптеген салада қолдануға болатын алғашқы термопластика болды [1,5-9].

1953 жылы политетрафторэтилен (ПТФЭ) табалар және басқа заттардың жабыны ретінде қолданылатын ыстыққа төзімді жабыспайтын жабындар жасау үшін негізгі материал болды [1-4].

1960 жылдары полимер негізіндегі композит-


тердің белсенді дамуы байқалды.

1970-2000 жылдар аралығында экологиялық таза полимер бұйымдарын шығару бағыты дами бастады. Биотехнологияның дамуы жүгері сияқты өсімдіктер негізінде полилактид (PLA) сияқты алғашқы биополимерлердің пайда болуына әкелді [1,5,8,9].

1999 жылдан бастап олар полимерлерді өңдеу стандарттарын сақтай бастады. Осы уақытта пластмассаларды қайта өңдеу және биопластика сияқты экологиялық таза материалдарға көшудің жаһандық үрдісі басталады [3,4,6,10].

2000 жылы полимерлік материалдарда нанотехнологиялар дамыды, бұл жақсартылған физикалық қасиеттері бар композиттер жасауға мүмкіндік берді. Нанобөлшектердің қосындысы бар полимерлер берік, жеңіл және ыстыққа төзімді материалдарды жасау үшін қолданылады. Мысалы, полимерлік нанокомпозиттер, соның ішінде наноцеллюлоза, көміртекті нанотүтіктер және графен авиация, автомобиль және энергетика өнеркәсібі үшін маңызды болып саналады [2,3,8-12].

2020 жылдан бастап жаңартылатын көздер негізіндегі экологиялық таза полимерлер мен композиттер дами бастады (1-сурет) [6-10].



1 - сурет. Әртүрлі композициялық материалдардың микроқұрылымы

Ғалымдар табиғатта қайта өңдеуге немесе биологиялық ыдырауға болатын полимерлерді, сондай-ақ табиғи толтырғыштарды (мысалы, зығыр немесе қарасора талшықтары) қосу арқылы биокомпозиттердің жаңа түрлерін жасауды зерттеуде [9-13].

Полимерлі материалдардың дамуы көптеген ғалымдардың ұзақ және дәйекті күш-жігерінің нәтижесі болып табылады. Соңғы 200 жыл ішінде бірегей қасиеттері бар материалдарды жасауға, сондай-ақ адамзат алдында тұрған экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін маңызды ашылулар жасалды. Қазіргі тенденциялар тұрақты даму үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын экологиялық таза, қайта өңделетін және биологиялық ыдырайтын полимерлер жасауға бағытталған [1,5,14-18].

Полимерлердің классификациясы олардың әртүрлілігі мен қолданылуын жақсы түсінуге көмектеседі. Материалдық талаптарға байланысты полимер түрін дұрыс таңдау соңғы өнімнің өнімділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Бұл классификацияларды түсіну инженерлер, конструкторлар және материалтанушылар үшін маңызды [17,19,20].

Олар бірегей қасиеттеріне байланысты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылатын материалдардың әртүрлі тобын білдіреді. Полимерлердің әртүрлі түрлерін және олардың сипаттамаларын түсіну оларды өндірісте және машина жасауда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [1,21,22].

Полимерлердің және полимерлі материалдардың қасиеттеріне әсер ететін қоспалардың классификациясы.

Полимер өнеркәсібінде қолданылатын қоспалар полимерлер мен полимерлі материалдардың қасиеттерін жақсартуда шешуші рөл атқарады [15,16,21].

Қоспалар төмендегідей жіктеледі:

- Пластификаторлар. Олар полимерлердің икемділігін арттыру және қаттылығын төмендету үшін қолданылады. Дибутилфталат (DBF), диоктилфталат (DOF). Пластификаторлар икемділікті арттырады, шыныға өту температурасын төмендетеді және механикалық зақымға төзімділігін арттырады [7,8,13,22].

- Тұрақтандырғыштар – полимерлерді ыдыраудан, тотығудан және ультракүлгін сәулеленуден қорғайды. Олар полимерлі материалдардың қызмет ету мерзімін арттырады және жұмыс кезінде қасиеттерінің нашарлауына жол бермейді [22,23].

- Толтырғыштар механикалық қасиеттерді жақсарту, өзіндік құнын төмендету және өндіру мүмкіндігін жақсарту үшін қосылады, сонымен қатар олар беріктікті, қаттылықты, жылу өткізгіштікті арттырады және шөгуді азайтады. Оларға кальцит, тальк, шыны талшықтары жатады [18,24].

- Отқа төзімді қоспалар – полимерлердің тұтанғыштығын төмендететін және өрттің таралуын болдырмауға көмектесетін қоспалар. Отқа төзімді қоспалар полимер бұйымдарының отқа төзімділігін арттырады, оларды қауіпсіз етеді. Олар: алюминий гидраты, фосфор қосылыстары [19,25].

- Антистатикалық қоспалар – полимерлердің бетінде статикалық электр тогының жиналуын, шаңның жабысуын азайтады және электроника мен қаптамада өнімділікті жақсартады. Оларға триалкилфосфаттар, полиэтиленгликоль туындылары жатады.

- Бояғыш және пигменттік қоспалар. Олар полимерлердің түсін өзгерту үшін қолданылады. Қоспалар эстетикалық қасиеттерді жақсартады және әртүрлі реңктер мен көрнекі әсерлерді жасауға мүмкіндік береді. Органикалық және бейорганикалық пигменттер, бояғыштар қоладылады [6,14,25,26].

- Күшейтетін қоспалар. Шыны талшық, көміртекті талшықтар. Олар полимерлердің беріктігін арттырады және механикалық беріктігін, қаттылығын және деформацияға төзімділігін арттырады [26,27].

- Тұтқырлық модификаторлары. Бұл қоспалар полимерлі қоспалардың тұтқырлығын өзгертеді, олардың өңделуін және балқыманың өтімділігін жақсартады, өңдеу процесінің тұрақтылығын арттырады. Олар полимерлі балауыздар, силикондар [28].

Полимерлерлі композициялық материалдардың қасиеттерін механикалық өңдеудің жіктелуі.

Полимерлердің беріктігін жақсарту әдістері әртүрлі тәсілдерді қамтиды, олардың арасында толтырғыштарды қосу ең тиімді және кеңінен қолданылатын әдістердің бірі болып табылады. Табиғи талшықтар сияқты толтырғыштар (мысалы, зығыр, джут) полимерліматериалдардыңмеханикалыққасиеттерінедәуіржақсартаалады [19,25-29].

Зығырнемесе джут сияқты табиғи талшықта рполимерлі материалдардың созылу беріктігін айтарлықтай жақсартады. Талшықтар полимер молекулалары арасындағы адгезияны арттыратын, оның жүктемелерге төтеп беру қабілетін жақсартаты нарматуралық элементтер ретінде әрекет етеді [27,29].

Зығыр талшықтары: зығыр талшықтары беріктілікті арттыруға ие, соның ішінде созылу және сығылу беріктілігі. Олардың тығыздығы төмен және қаттылығы жоғары, бұл полимерлі материалдардың механикалық қасиеттерін жақсартады, әсіресе термопластикамен немесе термореактивті полимерлермен үйлеске түскен кезде байқалады [30].

Джут талшықтары: Джут беріктілікті арттыратын материал болып табылады, сондай-ақ ол биологиялық ыдырауы жоғары және құнының арзандығымен ерекшеленеді. Джут созылу беріктігін жақсартады және полимерлердің қаттылығын арттырады, сонымен қатар сыртқы ортаға (мысалы, судың әсеріне) қарсылықты арттырады [19,21,23,29].

Табиғи талшықтар композициялық материалдардың соққыға төзімділігін жақсарта алады. Механикалық жүктемелерд ібүкіл материалға біркелкі бөлу қабілетінің арқасында олар полимерлі композициялард жарықтар мен ақаулар-

дың пайда болу ықтималдығын азайтады және олардың беріктігін арттырады [7,31].

Табиғи талшықтар полимерлі композиттердің термиялық кеңеюін төмендетуі мүмкін, бұл температураны ңөзгеруі кезінде өлшемдік тұрақтылықты қажет ететін жерлерде қолдану үшін маңызды. Талшықтардың термиялық кеңею коэффициенті төмен болады. Бұл термиялық тұрақтылығы жақсартылға нматериалдарды жасауға мүмкіндік береді [32,33].

Зығыр және джут талшықтарын полимер матрицасына қосу кернеудің жақсы таралуына ықпал етеді, бұл материалды соққылар мен басқа механикалық жүктемелер кезінде деформацияға төзімді етеді [28,33].

Зығыр және джут сияқты табиғи талшықтар таза полимерлермен салыстырғанда ылғалға, химиялық заттарға және басқа да агрессивті факторларға төзімділігіжоғары. Бұл әсіресе қиын немесе ылғалды жағдайда жұмыс істеуі керек өнімдерді өндіруде пайдалы болуы мүмкін [34,35].

Беріктікті жақсартудың механизмдері.

Арматуралық әсері.

Полимерлі композициялық материалдарға табиғи талшықтарды қосқанда беріктікті жақсартудың негізгі механизмі арматуралық әсер болып табылады. Талшықтар полимердің ішінде торлы құрылымды жасайды, бұл оның механикалық беріктігін едәуір арттырады.Зығыр және джут талшықтары сияқты толтырғыштар полимер молекулалары арасында қосымша адгезияны қамтамасыз етеді, созылу, қысу және басқа механикалық жүктемелерге төзімділікті жақсартады. Талшықты арматураланған бетонның сипаттамасы 1 кестеде келтірілген [26,34].

1 - кесте. Талшықты өрілген бетонның сипаттамасы

№	Сипаттамалары	Қарапайым бетон	Табиғи талшықпен өрілген бетон
1	Қысу күші (МПа)	20-50	30-80
2	Созу күші (МПа)	2-4	5-8
3	Аязға төзімділігі	Ғ50-Ғ100	Ғ150-Ғ300
4	Тығыздығы (кг/м^3)	2200-2500	2300-2600
5	Жарқышақ пайда болуға төзімділік	Орташа	Жоғары

Молекуларалық байланысты күшейту.

Құрамында талшық бар табиғи талшықтар полимер мен талшықтар арасындағы адгезияны жақсарта алады. Табиғи талшықтардың бетінде полимер молекулаларымен сутегі байланысын құра алатын, адгезияны жақсартатын және талшықтардың қабыршақтануын болдырмайтын функционалды топтар бар [35,36].

Микрожарқышақтарды басу

Табиғи талшықты полимер механикалық жүктемелерге ұшыраған кезде, талшықтар кернеулерді таратуға көмектеседі, бұл микрожарқышақтардың пайда болу мүмкіндігін азайтады. Бұл материалдардың беріктігін арттырады және олардың сынғыштығын төмендетед [22,37,38].

Белгілі полимерлі композициялық материалдар.

Бүгінгі таңда әртүрлі салаларда белсенді қолданылатын көптеген полимерлікомпозициялық материалдар бар. Бұл компоненттерге композиттің сипаттамаларын анықтайтын матрицалар да, толтырғыштар да кіреді (беріктік, жеңілдік, биологиялық ыдырау және т.б.) [26,27,39].

Көміртекті композиттер (көміртекті пластиктер), көміртектен және полимер матрицасынан тұратын күшейтілген талшықтары бар полимерлі композиттер(көбінесе эпоксидті немесе винилэфирлі шайырлар).Олар төмен салмақта

жоғары беріктікке ие, коррозияға төзімділігі жоғары, ыстыққа төзімді болады [38,40].

Шыныдан және полимер матрицасынан тұратын күшейтілген талшықтардан тұратын шыны-пластиктер. Арзан көміртекті композиттер, жақсы механикалық қасиеттерге ие және ылғалға төзімді [41,42].

Кевлар полимерлі композиттері – арамидті талшықтан (кевлар) және полимер матрицасынан тұратын күшейтетін талшықтар. Олардың беріктілігі, механикалық зақымдануға және тозуға қарсылығы өте жоғары, тұрақты композитке жатады.

Борполимерлі және боркөміртекті композиттер. Бор немесе көміртектен, әртүрлі полимерлер матрицасы мен металдардан тұратын берік талшықтар [35,43].

Металл полимерлі композиттері – олар жоғары беріктікке, қаттылыққа және ыстыққа төзімді, сондай-ақ жоғары температура жағдайында жақсы өнімділікке ие металл марицасынан (алюминий, мыс, титан және т. б.) және арматуралық бөлшектерден (мысалы, көміртегі, керамика, бор) тұрады [1,7,6,43].

Керамикалық композиттер – бұл керамикалық матрицадан және арматуралық талшықтардан немесе бөлшектерден тұратын материалдар, олар көміртектен, бор материалдарынан, көміртекті нанотүтікшелерден немесе басқа да жоғары беріктігі мен ыстыққа төзімді материалдардан жасалуы мүмкін. Олар жоғары температура, қатты химиялық орта және механикалық жүктемелер сияқты экстремалды жағдайларға төзімділігімен ерекшеленеді [12,13,44].

Цемент және бетон композиттері (немесе өрілген талшықтар қосылған қарапайым бетон) – бұл шыны, көміртегі, полимер немесе металл талшықтары сияқты әртүрлі өрілгіш материалдарды пайдаланып дәстүрлі цемент немесе бетон қоспалары нығайтылатын материалдар.Бұндай композиттер бетонның механикалық және физико-химиялық қасиеттерін жақсартуға арналған және оларды аса қажет және мамандандырылған қолданбаларда пайдалануға мүмкіндік береді [18,19,45].

Цемент және бетон полимерлі композиттері механикалық қасиеттері, беріктігі және қоршаған ортаға төзімділігі жоғары материалдарды қажет ететін құрылыс және басқа қолданбалар үшін тамаша таңдау болып табылады [18,27,45].

Биокомпозиттер – құрамдас бөліктерінің бірі ағаш талшықтары, бамбук, зығыр, мақта немесе кокос талшықтары сияқты табиғи (биологиялық) материалдардан тұратын және биополимерлермен (мысалы, PLA – полилактид) немесе синтетикалық полимерлермен бірге қолданылатын композициялық материалдар, олар ішінара биологиялық ыдырайтын болуы да мүмкін.Биокомпозиттерді құрудың мақсаты – құрылыстан автомобильге дейін әртүрлі салаларда қолдануға болатын экологиялық таза, тұрақты және қайта өңделетін материалдарды алу [45,46].


Қазіргі заманғы композициялық материалдар олардың сипаттамалары мен қолдану мүмкіндіктерін анықтайтын әртүрлі компоненттерді белсенді пайдаланады. Технология дамуды жалғастыруда, осыған орай қазіргі кезде биополимерлер мен зығыр, кендір талшықтары немесе ағаш ұны сияқты табиғи толтырғыштарды пайдаланатын экологиялық таза және биологиялық ыдырайтын композиттерді жасауға баса назар аударылуда.Наноматериалдарды пайдалану (мысалы, көміртекті нанотүтіктер, наноцеллюлоза) жақсартылған функционалдық қасиеттері бар жоғары берік және жеңіл композиттерді жасау үшін жаңа мүмкіндіктер туындауына жол ашады [6,19,24,46].

Жаңа полимерлі композитті материалдар.

Қазіргі заманғы полимерлі композициялық материалдар өте жылдам дамып келеді, сонымен қатар қазіргі уақытта бірегей қасиеттері бар және әртүрлі салаларда қолданылатын бірқатар жаңа және инновациялық композиттер бар.Бұл жаңа полимерлі композициялық материалдар көбінесе экологиялық тазалық, энергия тиімділігі, ультра жеңіл және ультра беріктік талаптарын қанағаттандыру және төтенше жағдайларға төтеп беру үшін [17,25,29,47].

Графен композиттері – оларға күшейткіш ма-

териал ретіндегі графен (немесе оның туындылары) және полимерлерден, металдардан немесе керамикадан жасалуы мүмкін матрица жатады.Графен – көміртегі атомдары дұрыс алтыбұрыштардың төбелерінде орналасқан екі өлшемді атомдық қабат (2-сурет). Графенді цилиндрге айналдырғанда, бір қабырғалы нанотүтікше алынады және бір-біріне параллель орналасқан мұндай қабаттардың көп болуы графит болып табылады.Графен жоғары механикалық қаттылығымен, жоғары жылу өткізгіштігімен және электр өткізгіштігімен сипатталады. Бұлқасиеті оны наноэлектроникадан бастап лайнер фюзеляждарын қаптауға дейін әртүрлі қолданбаларда пайдалану үшін таптырмас материал ретінде көрсетеді.Бірақ графит қабаттарын графиттен бөлу процедурасы өте күрделі, сондықтан олардың бірегей қасиеттерін іс жүзінде пайдаланудың бір жолы – олардың негізінде композиттер жасауға тырысу [11,12,21,45,48].




2 - сурет. Графитті қабат (графен)

АҚШ Солтүстік-Батыс университеті мен Пурдю университетінің бірлескен жұмысында [48,49] полимер/графен композиттерін синтездеуге жолдарын ұсынды.


Ол графиттің химиялық тотығуына, оны ультрадыбыстық өңдеуге (оның барысында ол жеке тотыққан графен қабаттарына бөлінеді), еріткіште полимермен бірге ерітуге және оттегі топтарын жою үшін кейіннен қалпына келтіруге негізделген.Нәтижесінде қатты композит пайда болады, оның сипаттамалары көміртекті нанотүтікшелер негізіндегі композиттердікімен дерлік бірдей және құны әлдеқайда төмен (графиттің бағасы килограммына бірнеше доллар).Әрине, кремний чиптерін графенге ауыстыру туралы айту әлі ерте, бірақ графен композиттерін күн батареяларында, компьютерлік компоненттерде (артық жылуды тарату үшін) пайдалану мәселесі қазірдің өзінде талқылануда [50,51] – бір сөзбен айтқанда, қай жерде болса да көміртекті талшықтардың өткізгіштігі жеткілікті жоғары емес, ал көміртекті нанотүтіктер тым қымбат.

Көміртекті нанотүтіктерге негізделген композиттер. Көміртекті нанотүтіктердің ашылу тарихы фуллерендерді ашу және егжей-тегжейлі зерттеу тарихымен тығыз байланысты [52,53]. Газ шығару камерасының қабырғаларында тұндырылған графиттің шашырауы нәтижесінде пайда болған күйенің құрамында 20 % дейін фуллерендер бар, олардың негізгі компоненттері әдетте C_{60} және C_{70} молекулалары болып табылады.

Басқа күйе элементтерінен айырмашылығы, фуллерендерді органикалық еріткіштерде (бензол, толуол және т.б.) ерітіуге болады және сұйық хроматография әдістерімен экстракциялауға, тазартуға және бір-бірінен бөлуге болады. Нағыз нанотүтікше – цилиндрге оралған графит жазықтығы бар, яғни төбесінде көміртек атомдары орналасқан дұрыс алтыбұрыштармен қапталған бет (3-сурет) [26,50-52].



3 - сурет. Бір қабатты нанотүтікшенің моделі



4 - сурет. Көміртекті наножіпшелердің суреті


Мұндай операцияның нәтижесі, атап айтқанда, оның электрлік қасиеттерін анықтайтын нанотүтікшенің хиральдылығына байланысты.4-суретте электронды микроскоппен түсірілген кө-

міртекті наножіпшелердің фотосуреті көрсетілген [26,53,54].

Өз-өзінен қалпына келетін композитті материалдар негізіндегі композиттер. Өз-өзінен қалпына келетін қасиеттері бар жасанды материалдарды жасау көптеген зерттеушілер үшін пайдалы болатын перспективаларға байланысты белсенді дамып келе жатқан танымал қызмет саласы болып табылады. Материалдардың қызмет ету мерзімін арттыру, оларды жұмыс жағдайында ұстауға және жөндеуге кететін шығындарды азайту, құрылымдық қауіпсіздік деңгейін жоғарлату үшін таптырмас материал. Осы шартты қанағаттандыратын перспективалы материалдардың бірі борсилоксан (БС) негізіндегі материал болып табылады [8,17-20,55].

Қалыңдығы 0,5 мм, 1 мм және 1,5 мм болатын ішкі борсилоксанды матрицасы бар ламинатталған өзін-өзі қалпына келтіретін композициялық материалдың үлгілері толтырғыштары бар және толтырғышсыз дайындалды. Қалпына келтіру механизмінің схемалық көрінісі және қалыңдығы 1,5 мм ішкі борсилоксанды матрицасы бар үш қабаттан тұратын ламинатталған өзін-өзі қалпына келтіретін композиттік материалдың үлгісі 5-суретте берілген [56,57].

Р1 қысым ортасы



5 - сурет. Борсилоксанды (БС) ішкі қабаты бар өздігінен қалпына келетін үш қабатты композиттің жұмыс диаграммасы (сол жақта) және көлденең қимасы (оң жақта)

P_1 және P_2 (P_2>P_1) қысымының айырмашылығына байланысты қабатталған композитте өтпелі ақау пайда болғанда, қалпына келетін қабаттың материалы ақаулы аймақтың көлемін толтырады. Бұл жағдайда өз-өзін қалпына келтіретін қабатпен тартылған сыртқы қабаттар қысылады, осы кезде ақау мөлшері азаяды [9,15,56,58].

Энергияны көп қажет ететін қолданбаларға арналған функционалдық композиттер де болады. Мұндай композиттерді құру полимерлі құрамға көміртекті нанотүтікшелерін (КНТ) енгізу сатысында пайда болатын құбылыстармен қатар жүреді. КНТ қолдануда максималды тиімділікке жету үшін, әдетте, олардың полимер көлемінде біркелкі таралуы, сонымен қатар полимер матрицасының нанотүтіктердің бетіне жоғары адгезиясын тудыру қажет. Бұл саладағы перспективті бағыттардың бірі көміртекті нанотүтіктер (КНТ) негізіндегі полимерлік композиттерді жасау болып табылады [42,45,58,59].

Наноцеллюлозаны қолданатын композиттер. Ағашпен, атап айтқанда ауылшаруашылық қалдықтарымен салыстырғанда арзан өсімдік материалдарынан наноцеллюлоза өндірісінің технологиялық дамуы қазіргі нанобиофизиканың өзекті міндеті болып табылады. Модификацияланған целлюлоза бөлшектері бар композициялардағы материалдардың функционалдық сипаттамаларын кеңейту мүмкіндігінің ашылуы зерттеушілердің целлюлоза композиттеріне де-

5. Zholtaev Zh., Kulumbetova G.E. Harakteristika karbonatnyh i terrigennyh podsolevyh otlozhenij vostoka Prikaspijskoj vpadiny // Nedra Povolzh’ ja i Prikaspija.-2019.-№ 98.-S.65-77. DOI 10.24411/1997-8316-2019-19805. [in Russian]

6. Daukeev S.Zh., Uzhkenov B.S., Abdulin A.A., Bespaev H.A., Votsalevskij E.S., Ljubeckij V.N., Mazurov A.K., Miroshnichenko L.A. Glubinnoe stroenie i mineral’ nye resursy Kazahstana / Neft’ i gaz.-2002.-№3.- 248 c. ISBN 9965-13-760-9. [in Russian]

7. Madisheva R.K., Zheksenbaeva G.M., Adilhanov R.K., Demeuova A.B., Ismagulov M.B., Ospanov A.M. Generativnyj potencial porod mestorozhdenija Urihtau // Neft’ i gaz.-2024. - №3 (141).- S.6-15. DOI 10.37878/2708-0080/2024-3.01. [in Russian]

8. Volozh Ju.A., Bykadorov V.A., Antipov M.P., Bykadorov I.V., Parasyna V.S., Postnikova I.S., Sapozhnikov R.B., Heraskova T.N. Neftegazoperspektivnye ob#ekty paleozojskogo podsolevogo razreza prikaspijskoj vpadiny // Sankt-Peterburg: Neftegazovaja geologija. Teorija i praktika. -2019. -T.14(4). - S.1-26. [in Russian]

9. Nadirov N.K., Urazgaliev B.U., Turkov O.S. i dr. Podsolevye nefti Prikaspijskoj vpadiny /Nauka.-1983.- 304 c. [in Russian]

10. Bulekbaev Z.E., Vocalevskij Je.S., Iskuzhiev B.A., Kamalov S.M., Korostyshevskij M.N., Kuandykov B.M., Kuantaev N.E., Marchenko O.N., Matloshinskij N.G., Nazhmetdinov A.Sh., Filip’ ev G.P., Shabatin I.V., Shahabaev R.S., Shudabaev K.S. Mestorozhdenija nefti i gaza Kazahstana / Almaty: Spravochnik.- 1996.- S.325. [in Russian]

11. Otchet po standartnomu analizu kerna po skvazhine VU-4 mestorozhdenie Vostochnyj Urihtau, prilozhenie 6-rezul’ taty gazohromatograficheskih i biomarkernyh analiz (Geohimija). O-LI.02.2311-09/1(1)-04.11.2022.- S.285-365. [in Russian]

12. Proekt otchet o vozmozhnyh vozdejstvijah, k proektu «Dopolnenie k Proektu probnoj jekspluatacii mestorozhdenija Vostochnyj Urihtau» // Atyrau:-2022.-Dogovor №10//3/2021 ot 05.01.2021. -300 s. URL: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/LoadFile/27688. - Data obrashhenija: 23.06.2025. [in Russian]

13. Gordadze G.N., Giruc M.V., Koshelev V.N. Organicheskaja geohimija uglevodorodov: Kniga 2/

Moskva: Rossijskij gosudarstvennyj universitet nefti i gaza imeni I.M.Gubkina. -2013.- S.303. ISBN: 978-5-91961-0670. [in Russian]

14. Zaharchenko M.V., Ljushin M.M., Osipov A.V. Geohimicheskaja harakteristika neftej Orenburgskoj oblasti po uglevodorodam-biomarkeram //NefteGazoHimija. -2016. - №4 S.40-43. [in Russian]

Сведение об авторах

Адилханов Р.К. - докторант, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: rkbnm82@mail.ru;

Мадишева Р.К. - PhD, ассоциированный профессор, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: rimma_kz@mail.ru;

Жексенбаева Г.М. - докторант, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: Gulmira_zh91@mail.ru;

Успенский Б.В. - д.г.-м.н., профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Российский Федерация, e-mail: Boris.Uspensky@kpfu.ru;

Токушева Ж.Т. - преподователь, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: jtokusheva@mail.ru;

Иманбаева С.Б. - PhD, и.о.доцента, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: svetakaz77@mail.ru;

Абдрахманова С.Т. - сеньер лектор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: Saule_abdrahmanova.janzakova@mail.ru;

Оспанов А.М. - докторант, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан, e-mail: Adilkozha@mail.ru.

Information about authors

Adilkhanov R.K. - doctoral student, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: rkbnm82@mail.ru;

Madisheva R.K. - PhD, associate professor, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: rimma_kz@mail.ru;

Zhexenbayeva G.M.- doctoral student, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: Gulmira_zh91@mail.ru;

Uspenskii B.V. - doctor of geological and mineralogical sciences, professor, Kazan Federal University, Kazan, Russian Federation, e-mail: Boris.Uspensky@kpfu.ru;

Tokusheva Z.T. - university lecturer, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: jtokusheva@mail.ru;

Imanbaeva S.B. - PhD, acting associate professor, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: svetakaz77@mail.ru;

Abdrakhmanova S.T. - senior lecturer, Ualikhanov University, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: Saule_abdrahmanova.janzakova@mail.ru;

Ospanov A.M. - doctoral student, A.Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: Adilkozha@mail.ru.

ҒТАМР 06.77.59 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-786**

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫ БАҒАЛАУ

[1]Ж.Б. Рахметулина✉, [2]А.С. Бухатова, [2]Г.Т. Дюсупова, [3]А.А. Рахметулина

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
[2]С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
[3]«Sana Holding Ltd» компаниясы, Астана, Қазақстан
✉*Корреспондент-автор: rahmetulina_zh@mail.ru*

Мақала цифрлық экономика жағдайында адами капиталды бағалаудың Composite Development Index (CDI) және Comprehensive Capital Index (CCI) екі интегралды тәсілін әзірлеуге және салыстырмалы талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты CDI моделінде адами даму индексі (HDI), цифрлық трансформация индексі (DTI) және тұрақты даму индексі (SDI) арасындағы өзара байланысты ресімдеу, CCI моделінде цифрлық құзыреттер мен кәсіби дағдылар индикаторларын тереңірек интеграциялау болып табылады. Жұмыста нормалау әдістері, индекс талдауы және визуализация қолданылды. Мысал ретінде Қазақстанға қатысты деректер таңдалды. Мақалада халықтың өмір сүру деңгейін көрсететін интегралды көрсеткіш ретінде адами даму индексін қолданудың артықшылықтары мен шектеулері қарастырылды. Нәтижелер CDI жалпы даму бағасын беретінін, ал CCI кадрлардың цифрлық ортадағы даму әлеуетін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Ұсынылған модельдер білім, цифрландыру және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Ғылыми жаңалығы - композиттік бағалауларды Қазақстан экономикасының цифрлық трансформациясына бейімдеу және адами даму индексінен (HDI) кеңейтілген CDI және CCI индекстеріне өту қажеттілігін негіздеу. Жаңа құзыреттерді қалыптастыру және адам әлеуетін дамытуға инвестициялар басымдыққа айналатын адами капиталды дамыту саясатын цифрлық экономика жағдайларына бейімдеу қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: адами капитал, цифрлық экономика, адам дамуының индексі, денсаулық сақтауды цифрландыру.

ОЦЕНКА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

[1]Ж.Б. Рахметулина✉, [2]А.С. Бухатова, [2]Г.Т. Дюсупова, [3]А.А. Рахметулина

[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
[2]С. Восточно-Казахстанский университет имени Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
[3]Компания Sana Holding Ltd, Астана, Казахстан,
e-mail: rahmetulina_zh@mail.ru

Статья посвящена разработке и сравнительному анализу двух интегральных подходов к оценке человеческого капитала в условиях цифровой экономики: Composite Development Index (CDI) и Comprehensive Capital Index (CCI). Целью исследования является формализация взаимосвязи между индексом человеческого развития (HDI), индексом цифровой трансформации (DTI) и индексом устойчивого развития (SDI) в модели CDI, а также более глубокой интеграции индикаторов цифровых компетенций и профессиональных навыков в модели CCI. В работе применены методы нормализации, индексного анализа. В качестве примера были выбраны данные по Казахстану. В работе были рассмотрены преимущества и ограничения применения индекса человеческого развития в качестве интегрального показателя уровня жизни населения. Результаты показали, что CDI предоставляет обобщённую оценку развития, тогда как CCI позволяет глубже интерпретировать потенциал развития кадров в цифровой среде. Предложенные модели могут быть использованы для совершенствования государственной политики в области образования, цифровизации и занятости. Научная новизна заключается в адаптации композитных оценок к условиям цифровой трансформации экономики Казахстана и обосновании перехода от индекса человеческого развития (HDI) к расширенным индексам CDI и CCI. Сделан вывод о необходимости адаптации политики

развития человеческого капитала к условиям цифровой экономики, где приоритетом становится формирование новых компетенций и инвестиции в развитие человеческого потенциала.

Ключевые слова: человеческий капитал, цифровая экономика, индекс человеческого развития, цифровизация здравоохранения.

ASSESSMENT OF HUMAN CAPITAL IN THE CONDITIONS OF THE DIGITAL ECONOMY

[1]Zh.B. Rakhmetulina✉, [2]A.S. Bukhatova, [2]G.T. Dyusupova, [3]A.A. Rakhmetulina

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
[2]S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
[3]Sana Holding Ltd, Astana, Kazakhstan,
e-mail: rahmetulina_zh@mail.ru

The article is devoted to the development and comparative analysis of two integrated approaches to assessing human capital in the digital economy: Composite Development Index (CDI) and Comprehensive Capital Index (CCI). The purpose of the study is to formalize the relationship between the Human Development Index (HDI), Digital Transformation Index (DTI) and Sustainable Development Index (SDI) in the CDI model, as well as a deeper integration of digital competencies and professional skills indicators in the CCI model. The work applies the methods of normalization, index analysis and visualization. Data for Kazakhstan were chosen as an example. The paper considered the advantages and limitations of using the Human Development Index as an integrated indicator of the standard of living of the population. The results showed that the CDI provides a generalized assessment of development, while the CCI allows for a deeper interpretation of the potential for personnel development in the digital environment. The proposed models can be used to improve public policy in the field of education, digitalization and employment. The scientific novelty lies in the adaptation of composite assessments to the conditions of the digital transformation of the economy of Kazakhstan and the justification of the transition from the Human Development Index (HDI) to the expanded indices CDI and CCI. A conclusion is made about the need to adapt the human capital development policy to the conditions of the digital economy, where the priority is the formation of new competencies and investments in the development of human potential.

Keywords: human capital, digital economy, human development index, digitalization of healthcare.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының қазіргі кезеңі қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы негізгі факторға айналған белсенді цифрлық трансформациямен сипатталады. Цифрлық экономикаға көшу өндірістік қатынастардың, жұмыспен қамту құрылымының, еңбек ресурстарының сапасына қойылатын талаптардың түбегейлі өзгеруіне алып келеді және білім, дағды және цифрлық құзыреттерге негізделген жаңа құндылық түрі – адами капиталдың қалыптасуын қамтамасыз етеді [1].

2017 жылдан бастап «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ұлттық экономиканы цифрландыру стратегиясын жүзеге асырып келеді, оның негізгі мақсаты - халықтың толық интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету және негізгі салаларды цифрлық трансформациялау болып табылады.2023 жылы қабылданған «2023-2029 жылдарға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті цифрлық трансформациялау мен дамыту тұжырымдамасы» халықтың цифрлық сауаттылығын дамыту тұрақты өсім мен әлеуметтік бейімделудің негізі ретінде алға тартады. Бұл құжаттар білім беру және кадрлар саясатын XXI ғасыр құзыреттерін қалыптастыруға бағыттайды, атап айтқанда: сыни ойлау, пәнаралық ынтымақтастық, деректерді басқару, цифрлық шығармашылық және цифрлық ортада қажет басқа да дағдылар.

Қазіргі уақытта Қазақстан цифрлық жетілу деңгейі бойынша әлемдік рейтингте тұрақты


прогрессті көрсетіп, өз позицияларын нығайтуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының электрондық үкіметтің даму индексі (EGDI, 2024) бойынша еліміз 193 мемлекет арасынан 24-орынға ие болып, өз аймақтық серіктестерінен, соның ішінде Ресейден (56-орын), Арменияданан (53-орын), Өзбекстаннан (59-орын), Түрікменстаннан (172-орын) озып тұр. Сонымен қатар, Қазақстан онлайн қызметтер Индексі (Online Service Index, OSI) бойынша алғашқы ондыққа енді, бұл мемлекеттік цифрлық қызметтердің қолжетімділігі, интерактивтілігі және сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.

Электрондық үкімет платформасын жаңғырту жоспарланып отыр, оның аясында жасанды интеллект (ЖИ) және үлкен деректерді қолданатын eGov 3.0 үшінші нұсқасына көшу қарастырылған. Ақпараттық технологиялар қызметтерін экспорттау 86 елді қамтиды, олардың арасында Ресей, Ирландия, Мексика, АҚШ және Сингапур сияқты нарықтар бар, бұл Қазақстанның IT секторының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін айғақтайды [2].

Трансформациялық кезеңде ұлттық экономиканың бейімделуі мен инновациялық әлеуетін қамтамасыз етуге қабілетті адами капиталды (АҚ) мониторингтеу және бағалау үшін жаңа құралдарға қажеттілік артуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Дамуы бағдарламасы әзірлеген дәстүрлі адами даму индексі (Human Development Index, HDI) өмір сүру ұзақтығының күтілетін ұзақтығы, білім деңгейі және адам басына шаққандағы табыс сияқты өмір сүру деңгейінің маңызды интегралды көрсеткіштері ретінде сақталып келеді. Алайда, қазіргі заманғы талаптар оны цифрлық қатысу мен тұрақтылықты көрсететін жаңа параметрлермен толықтыруды қажет етеді.

Халықаралық тәжірибеде IMD цифрлық бәсекеге қабілеттілік индексі (WDCI), ITU-дан АКТ-ны дамыту индексі, сондай-ақ еңбек өнімділігі мен еңбек нарығындағы тұрақтылыққа әсер ететін цифрлық дағдылар мен икемді құзыреттердің жеке көрсеткіштері сияқты кеңейтілген индекстер қолданылады [3,4]. Алайда, Қазақстан контекстінде цифрлық экономикадағы адами капиталды интегралды бағалау мәселесі жеткілікті зерттелмеген, бұл осы зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасында адами капиталды бағалаудың кешенді әдістемесін әзірлеу және апробациялау, ол дәстүрлі адами даму көрсеткіштері (HDI) мен цифрлық трансформация метрикалары (DTI) және тұрақты даму көрсеткіштерін (SDI) біріктіреді. Сонымен қатар, цифрлық экономика жағдайында адами капиталды стратегиялық және функционалдық бағалауға бағытталған екі интегралды модель - Composite Development Index (CDI) және Comprehensive Capital Index (CCI) - салыстырмалы талдауы жүргізілді.



1 - сурет. Зерттеу кезеңдері

Ескерту - авторлармен әзірленген

Зерттеу нысаны - Қазақстан Республикасының экономикасын цифрландыру жағдайындағы адами капитал. Зерттеу пәні - HDI, DTI және SDI индекстерін біріктіруге негізделген адами капиталды кешенді бағалаудың әдістемелік тәсілдері мен құралдары. Зерттеу гипотезасы - HDI, DTI және SDI индекстерін біртұтас композиттік модельге интеграциялау адами

капиталдың қазіргі жағдайын дәлірек бағалауға және цифрлық экономика жағдайында стратегиялық жоспарлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. CCI моделі CDI-ге қарағанда сезімтал әрі қолданбалы құрал болып табылады, өйткені ол макроэкономикалық сипаттамалармен қатар, цифрлық және кәсіби дағдыларды қоса алғанда, еңбек ресурстарының құзыреттілік профилінің функционалдық параметрлерін ескеруге мүмкіндік береді.

Ұсынылған тәсілдер мен есептік индекстер цифрландыру жағдайында адами капиталды бағалаудың объективті және функционалдық модельдерін құру міндетін шешуге бағытталған және осы саладағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу барысында қолданылуы мүмкін.

1 суретте аталған зерттеудің кезеңдері көрсетілген.

Материалдар мен әдістер. Цифрлық экономиканың адами капиталға әсерінің әртүрлі аспектілерін талдауға көптеген ғалым-зерттеушілердің еңбектері арналды. Мысалы, Кибаева А.Б. мен Тусупова Л.А. Қазақстанның цифрлық экономикасындағы адами капиталды бағалау әдістемесін ұсынды. Олар адами даму индексінің (HDI) динамикасын талдап, білім деңгейі, табыс және өмір сүру ұзақтығының күтілетін көрсеткіштеріне, сондай-ақ цифрлық құзыреттерге ерекше назар аударды. Сонымен қатар, олар HDI-дің интегралды көрсеткіш ретіндегі артықшылықтары мен шектеулеріне тоқталды [5].

Хачатурян А.А. өзінің еңбектерінде автоматтандыру бірқатар мамандықтардың жойылуына, когнитивтік қабілеттердің өзгеруіне және кадрлардың бейімделу қиындығына әкелуі мүмкін екенін атап көрсетті [6].

Ершова И.Г., Каракулин А.Ю. және басқалар өз жұмыстарында кадрларды даярлау процестерін реттеуге қатысты ұсыныстар беріп, аймақтық даму үшін цифрлық құзыреттіліктің маңыздылығын ерекше атап көрсетті [7].

Аманбек Э., Балғаев И. және басқалар e-government жүйесінің халықтың цифрлық сауаттылығына әсерін зерттеп, цифрлық қызметтерді білу HDI деңгейі мен азаматтық белсенділікке тікелей байланысты екенін көрсетті [8].

Сембеков А., Тажбаев Н. және басқалары өз зерттеулерінде жаһандық үрдістер аясында экономиканы цифрлық жаңғырту ролін талдап, адами капиталды жаңа цифрлық талаптарға бейімдеу қажеттігін білдірді [9].

Дүниежүзілік банк «Resilient Digital Kazakhstan» есебінде цифрлық дағдыларды дамыту экономиканың тұрақтылығы үшін адами капиталды қалыптастырудағы негізгі фактор ретінде бөліп көрсетті [10]. Еуропалық білім қоры (ETF) «Torino Process» арқылы Қазақстанның дағдыларды даярлау саласындағы саясатының цифрлық құрамды күшейту және оны білім беру бағдарламаларына интеграциялау қажеттігін атап өтті [11]. Орталық және Шығыс Еуропа елдерін зерттеу (CEECs) цифрландыру деңгейі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға инвестициялар және халықтың әл-ауқаты арасында тұрақты оң байланысты растады. Дегенмен, олардың тәсілдері негізінен макроаумақтық деректерге бағытталған болып, ұлттық контексттерге терең бейімделмеген.

Еңбектерінде Flores және әріптестері [12] Human Capital 4.0 кешенді құрылымдық моделін әзірледі, онда цифрлық дағдылар еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына бейімделудің негізгі құзыреті ретінде көрсетілген. Putri R. [13] цифрлық құзыреттілік, инновациялық қабілет және адами капиталды басқару стратегияларын интеграциялаудың формальдандырылған тәсілін ұсынды, ол ұйымдардың цифрлық дәуірдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Дегенмен, біздің пікірімізше, ол ұлттық деңгейдегі адами капиталдың деңгейі мен цифрлық индикаторлардың ерекшеліктерін жеткіліксіз ескерген.

Көптеген модельдер денсаулық, білім және негізгі цифрлық дағдыларға баса назар аударса да, сыни ойлау, жүйелік ойлау және эмоциялық интеллект сияқты жұмсақ құзыреттерді елемейді. Әдебиеттер шолуы HDI классикалық үштігінен бастап институционалдық модельдер мен цифрлық метрикаларға дейінгі әртүрлі тәсілдерді көрсетеді және Қазақстан жағдайына бейім-

делген кешенді модель құру қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі контексте цифрлық экономика жағдайындағы адами дамуды және капитализацияны бағалаудың негізгі құралдары дамып, дәстүрлі және инновациялық көрсеткіштерді қамтиды. Адами дамудың дәстүрлі және кеңейтілген индекстерін қарастырайық. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (UNDP) әзірлеген үш құрамдас бөліктен тұратын адами даму Индексі (HDI) өмір сүру деңгейін бағалаудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Ішкі әлеуметтік теңсіздіктерді ескеретін адами даму Индексі теңсіздікті есепке алумен (IHDI) ерекшеленеді. Жаңа құралдар (арнайы панельдер, құрылымдық индекстер) көміртегі ізіне, экологиялық шығындарға және тұрақтылыққа түзетулер енгізді.

Енді цифрландыру және цифрлық бәсекеге қабілеттілік Индекстеріне тоқталайық. IMD-ның World Digital Competitiveness Index (WDCI/WDCR) индекстері мемлекеттердің цифрлық трансформацияға дайындықтары мен қабілеттерін үш өлшем бойынша сипаттайды: білім, технология және болашақ даму.2025 жылы Қазақстан 67 елдің ішінде 34-орынды иеленді, алайда елде аналитикалық, технологиялық және кадрлық құрамдас бөліктер арасында елеулі теңсіздіктер байқалады [14]. Халықаралық байланыс одағының (ITU) ICT Development Index (IDI) инфрақұрылымның қолжетімділігін, ICT қолдану дағдыларын және олардың пайдаланылуын көрсетеді. Еуропалық Одақта қолданылатын Digital Economy and Society Index (DESI) адами капитал, технологияларды интеграциялау, мемлекеттік қызметтер және басқа көрсеткіштерді қамтиды. Global Connectivity Index (GCI) жаһандық деңгейдегі қосылу деңгейін бағалайды, бұл рейтингте Қазақстан жоғарғы позицияларда тұр.

HDI, IHDI және цифрлық бәсекеге қабілеттілік индекстерін қолданумен қатар, келесі олқылықтарды атап өтуге болады: HDI-ді цифрлық компоненттермен (IDI немесе DESI) байланыстыратын кешенді рейтингтердің жетіспеушілігі; адами капитал мен цифрлық трансформация арасындағы өзара әрекетті бір модельде есепке алатын жүйелік индекстердің жоқтығы.

Зерттеуде есептеулер үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми деректері [15], БҰҰ Даму бағдарламасының есептері [16], WDCI деректері [4] және автордың өз есептеулері қолданылды. Нормалау әдістері (мин-макс шкалалау), салмақталған агрегаттау және композиттік индекстеу әдістері пайдаланылды.


Нәтижелер және талқылау. 2023 жылы Қазақстанның HDI көрсеткіші 0,837 құрады, бұл «Адами дамудың өте жоғары деңгейі» санатына жатады және 193 елдің ішінде 60-орынға орналастырды (2 және 3-суреттер).

1990 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның HDI көрсеткіші 21,5% өсіп, 0,689-дан 0,837-ге дейін жетті. Қазақстанда туу сәтіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 8,7 жылға өзгерді, күтілетін оқу ұзақтығы 1,8 жылға, ал орташа оқу ұзақтығы 5 жылға ұзарды. Осы кезеңде Қазақстанда жан басына шаққандағы жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) шамамен 67,2% өсті. Айта кету керек, Қазақстанның кең аумақтық көлемі мен халықтың біркелкі таралмауы адами капиталдың өңірлік бөлінісінде елеулі айырмашылықтарға әкеледі. Әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларды талдау барысында территориялық асимметрия айқын байқалады, бұл ресурстық-қауымдастырылған экономикалық модель басым елдерге тән құбылыс болып табылады, мұнда экономикалық көрсеткіштер формалды түрде оң динамиканы көрсетсе де, жергілікті деңгейде адами әлеуеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етпейді.


Қазақстан Республикасының цифрлық экономика жағдайында адами капиталдың күйін дәлірек бағалау үшін дәстүрлі адами даму көрсеткіштерін цифрлық трансформация және тұрақты даму жаңа метрикаларымен біріктіретін кешенді тәсіл қажет. Мақалада біз осындай тәсілдің негізгі элементтері мен ғылыми негіздемесін ұсынамыз, сондай-ақ оның Қазақстанда практикалық қолдану мүмкіндіктерін көрсетеміз:

1. HDI және цифрлық индекстерді интеграци-

ялау: HDI+ композиттік индексін қалыптастыру. Белгілі болғандай, HDI құрамына өмір сүру ұзақтығы, білім деңгейі және жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс кіреді. Алайда, біздің пікірімізше, қоғамның цифрлануы цифрлық сауаттылық, технологияларға қолжетімділік, цифрлық дағдылар деңгейі және АКТ инфрақұрылымы сияқты жаңа параметрлерді есепке алуды талап етеді. Осыған байланысты, DESI құрамдастары немесе Халықаралық байланыс одағының (ITU) ICT Skills Index негізінде жасалған Digital Skills Index-ті, цифрлық қамтылу деңгейін (мобильді интернет, цифрлық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік), цифрлық білімге салынған инвестиция көлемін және еңбек нарығындағы цифрлық мамандықтардың үлесін қамтитын HDI+ композиттік индексін ұсынуға болады. Біздің пікірімізше, осындай интеграция адами капиталдың цифрлық экономикада жұмыс істеуге нақты дайындық деңгейін көрсетуге мүмкіндік беріп, өмір сүру сапасымен қатар халықтың цифрлық бейімделуін де ескеруге жағдай жасайды.



2 - сурет. Қазақстанның HDI үрдістері 1990 - 2023 жж
Дереккөз - [17]



3 - сурет.2023 жылғы Қазақстанның HDI мәні
Дереккөз - [17]

2. Әлеуметтік теңсіздік пен экологиялық факторларға түзету. Қазіргі заманғы модельдер (IHDI) «өсу әлеуметтік құнын» есепке алуды, яғни экологиялық зиян мен цифрлық қолжетімділіктің теңсіз таралуымен байланысты шығындарды ескеруді көздейді. Біздің ойымызша, цифрлық теңсіздік коэффициентін енгізуге болады, яғни ICT-қа қолжетімділіктің қала мен ауыл, сондай-ақ жастық және табыстық топтар арасындағы қатынасын есепке алу қажет. Сонымен қатар, табыс құрамдасын жан басына шаққандағы көміртегі ізін және ICT инфрақұрылымындағы қайта жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ескере отырып түзетуді көздейтін тұрақтылық коэффициентін (Sustainability Ratio) енгізу маңызды. Бұл Қазақстан үшін өте маңызды, өйткені елде аймақтық және табыстық диспропорциялар бар.

3. «Digital Kazakhstan» сияқты трансформациялық платформаларды пайдалану, олар «оқитын экономика» (learning economy) механизмдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, мұнда цифрлық және адами ресурстар туралы деректер шешімдерді жедел түзету үшін негіз бола алады. Осы арқылы HDI+ және басқа индекстерді ұлттық цифрлық трансформация мониторингінің панеліне интеграциялау немесе «Egov» мемлекеттік қызметтерінің бірыңғай терезесі, білім беру платформалары, кадрлық биржалар және HR жүйелерінің деректерін пайдаланып, құзыреттер мен дағдылар туралы ақпаратты агрегаттауға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне (ҚР ЦДИАӨМ), Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (МТСЗ РК) аналитикалық дашбордтарды енгізу ұсынылады, олар аймақтардағы адами капиталдың әлсіз және күшті жақтарын автоматты визуализациялайды.

4. Адами капиталды ұлттық және аймақтық деңгейлерде бағалау алгоритмін әзірлеу: 1) Деректерді жинау (HDI, ICT дағдылары, EdTech саласына инвестициялар, цифрлық мамандықтар, инфрақұрылым бойынша статистика); 2) Агрегациялау (Қазақстанның аймақтары бойынша HDI+ құру); 3) Бенчмарктермен салыстыру (ЭЫДҰ және ТМД елдерімен).

Қазақстанның цифрлық трансформация жағдайында адами капиталды кешенді бағалау тәсілі: цифрлық және негізгі құзыреттердің тапшылығын дәлірек диагностикалауға; аймақтар мен әлеуметтік топтар арасындағы диспропорцияларды ескеруге; Қазақстан Республикасындағы тұрақты өсім мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған ұлттық цифрлық адами капитал индексін құрудың негізі болуға мүмкіндік береді.

Осы зерттеуде цифрлық экономика жағдайында адами капиталды бағалаудың екі интеграциялық моделі ұсынылған: Composite Development Index (CDI) және Comprehensive Capital Index (CCI). Олардың есебі негізгі әлеуметтік-экономикалық және цифрлық көрсеткіштердің 0-ден 1-ге дейінгі шкалада нормаланған агрегатталуына негізделген. Әдістеме халықаралық деңгейде мойындалған индекстерге (HDI, DESI, SDG Index) сүйеніп, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық нақты жағдайларына бейімделген.

Composite Development Index (CDI) композиттік индексі келесі формула бойынша есептеледі:

$$CDI = \omega_1 \cdot HDI + \omega_2 \cdot DTI + \omega_3 \cdot SDI$$

Мұнда:

HDI - адам дамуының индексі (БҰҰДБ),

DTI - цифрлық трансформация индексі (DESI/IMD моделі бойынша),

SDI - тұрақты даму индексі (SDG индексі негізінде),

ω_1, ω_2, ω_3 (0.4; 0.3; 0.3) - цифрлық және тұрақты өсу стратегиясының басымдықтарын көрсететін салмақтар.

Цифрлық экономикадағы адами капиталды бағалаудың интегралды индексі CCI (Comprehensive Capital Index) адами капиталдың құрылымдық әлеуетін бағалауға арналған және негізгі компоненттерге (білім, денсаулық, табыс) баса назар аударады. Формула келесідей:

$$CCI = \omega_1 \cdot HDI + \omega_2 \cdot DTI + \omega_3 \cdot SDI,$$

мұнда салмақтар өзгертілген ω_1=0,5, ω_2=0,3, ω_3=0,2,

негізгі әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларға назар аудара отырып.

CDI композиттік индексін негізделген құру үшін біз БҰҰ формулалары мен халықаралық ұйымдардың бейімделген әдістерін қолдана отырып, ашық мәліметтер негізінде HDI, TDI және SDI индекстерінің мәндерін есептейміз.

HDI БҰҰДБ (UNDP) әдістемесі бойынша үш нормаланған көрсеткіштің орташа геометриялық мәні ретінде есептеледі:

$$HDI = (I \cdot I_{Edu} \cdot I_{GNI})^{\frac{1}{3}}$$

Мұнда:

I - өмір сүру ұзақтығының индексі;

I_{Edu} - білім индексі;

I_{GNI} - жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс индексі (САҚП бойынша).

Халықаралық дереккөздермен салыстырмалылықты қамтамасыз ету мақсатында есептеулерде Қазақстанның 2023 жылғы ресми HDI мәні пайдаланылады, ол Human Development Report *[17]* есебінде жарияланған: HDI (Қазақстан, 2023) = 0,837.

1 - кесте. HDI есептеуге арналған деректер

Компонент	*Индикатор*
Өмір сүру ұзақтығы	74,4 жас
Оқытудың орташа ұзақтығы	12,5 жыл
Жан басына шаққандағы ЖҰӨ (САҚП, $)	$11 000

Ескерту: дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған [17]

DTI методикасы Еуропалық комиссияның DESI (Digital Economy and Society Index) және IMD World Digital Competitiveness Ranking модельдеріне негізделген. Екі модельде де негізгі домендер ретінде келесілер қарастырылады: Connectivity (интернетке қолжетімділік), Digital Public Services (цифрлық мемлекеттік қызметтер), Human Capital (халықтың цифрлық дағдылары) (2-кесте).

2 - кесте. Цифрландыру индикаторлары (DTI)

Индикатор	**Мәні**	**Салмақ, %**	**Дерек көз/ негіздеме**
Интернетке қол жеткізу деңгейі	0.79	30	БҰҰ Ұлттық статистика бюросы, 2023 ж. (интернетке қол жеткізе алатын үй шаруашылығының үлесі — 79 %)
Цифрлық мемлекеттік қызметтер	0.84	30	ҚР ЦДИАӨМ, 2023 ж. (eGov қызметтерін белсенді қолданушылар үлесі)
Сандық құзыреттілік индексі	0.56	40	DESI және IMD World Digital Competitiveness Ranking индекстерін бейімдеу, 2023 ж. (цифрлық сауаттылық, цифрлық өзара әрекеттестік және білім беру жүйесіндегі ICT ресурстарын пайдалану нәтижелері бойынша)
Дереккөздер: [3, 4, 15]			

$$DTI = 0.3 \cdot 0.79 + 0.3 \cdot 0.84 + 0.4 \cdot 0.56 = 0.237 + 0.252 + 0.224 = 0.713$$

Содан кейін индекс 0-ден 1-ге дейінгі шкалаға нормаланды, IMD рейтингісіндегі елдердің таралуы ескеріліп (Қазақстан – 63 елдің ішінде 35-орын, шамамен 44-перцентиль), сондай-ақ медиана мен Орталық Азия елдеріне калибровка жасалды:

$$DTI_{norm} = \frac{35_{max} - 35}{63 - 1} = \frac{28}{62} = 0.451 \text{ (төңкерілген тәртіпте)}$$

Соңғы мән екі әдісті де ескереді:

$$DTI_{final} = \frac{0.713 + 0.451}{2} \approx 0.65$$

Тұрақты даму индексі (SDI) есептеу әдістемесі SDSN-нің SDG Index (Sustainable Development Goals Index) негізінде, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік компоненттерді ескере отырып әзірленген, [18] және SDG Country Performance рейтингіне (SDSN, Columbia University) сүйенеді. Экологиялық блокқа мына көрсеткіштер кіреді: эмиссиялар, қайта жаңартылатын энергия көздерінің үлесі, жасыл білім, онда білімге 40% салмақ берілген, себебі ол адам капиталы аясында маңыздырақ компонент болып табылады (3-кесте).

Қорытынды SDI_{final}=0.58 индексі интеграциялық модельдердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін Орталық Азия елдері ауқымында калибрленді.

Бастапқы индекс мәні 0,608 болып табылады, ол SDG/ESG деректері негізінде есептелген. Ал 0,58 - нормаланған мән, ол агрегирленген формулаларда қолданылады және келесі факторларды ескереді: аймақтық деңгей (Орталық Азия елдері SDG бойынша ЭЫҰД елдерінен төмен орналасқан), аймақтық процентильге сәйкес шкаланың теңестірілуі, CDI және CCI индекстерінің салыстырмалылығын қамтамасыз етуге арналған аймақтар арасындағы калибровка.

3 - кесте. Тұрақты даму индикаторлары (SDI)

Көрсеткіш	**Мәні**	**Салмақ, %**	**Дереккөз / негіздеме**
Адам басына шаққандағы CO_2 шығарындылары	0.49	30	Халықаралық Энергетикалық Агенттік (IEA), 2023 (адам басына шығарындылар шамамен 11,5 тонна/адам, орташа деңгей)
Энергетикалық баланстағы ҚЖЭ үлесі	0.39	30	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, 2023 (Қазақстандағы ҚЖЭ үлесі шамамен 15%)
Экологиялық білімге қолжетімділік	0.86	40	ҚР Білім министрлігінің болжамды мәліметтері + UNESCO GCE дерекқоры (мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларындағы қамту деңгейі)
Дереккөздер: [18, 19, 20, 21]			

$$SDI = 0.3 \cdot 0.49 + 0.3 \cdot 0.39 + 0.4 \cdot 0.86 = 0.147 + 0.117 + 0.344 = 0.608$$

Осы көрсеткіштер CDI формуласында салмақтар бойынша агрегирленіп, Қазақстандағы адам капиталының тұрақты цифрлық дамуының кешенді индексін алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан бойынша CDI адами капиталды дамытудың қорытынды индексі:

$$CDI = 0.4 \cdot 0.837 + 0.3 \cdot 0.65 + 0.3 \cdot 0.58 = 0.7038$$

Енді цифрлық экономикадағы адами капиталды бағалаудың интегралды индексін есептейміз - CCI (Comprehensive Capital Index). Бұл модель сандық және тұрақты құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізі ретінде құрылымдық адами капиталды көрсететін HDI-ге көбірек көңіл бөледі. Қазақстан деректерінде модельді сынақтан өткіземіз:

$$CCI = 0.50 \cdot 837 + 0.3 \cdot 0.65 + 0.2 \cdot 0.58 = 0.7295$$

Біз есептеулердің жиынтық кестесін береміз (4 кесте).

4-кесте. Есептеулердің жиынтық кестесі

Көрсеткіш	Мәні
HDI	0.837
DTI	0.65
SDI	0.58
CDI (0.4/0.3/0.3)	0.7038
CCI (0.5/0.3/0.2)	0.7295
Ескерту: авторлар есептеген	

Осылайша, CDI индексі тұрақтылық пен цифрландыруды қамти отырып, теңдестірілген бейнені ұсынады, ал CCI индексі адам капиталының құрылымдық құрамдас бөліктеріне, әсіресе білім және табысқа басымдық береді. Мәндердің айырмашылығы модельдердің әртүрлі салмақтары мен логикасымен байланысты: CDI стратегиялық бағытты көздейді, ал CCI - инвестициялық потенциалды көрсетеді.

Бұл зерттеуде қолданылған DTI және SDI индекстері халықаралық әдістемелерге негізделгенімен, Қазақстанның ерекшеліктеріне бейімделген. Осындай композиттік тәсілдер стратегиялық жоспарлауда кеңінен қолданылады (мысалы, ЭЫҰД, БҰҰДБ, ЕО), алайда бұл тәсілдің ерекшелігі - цифрлық трансформация мен тұрақты дамуды адам капиталын бағалау контекстінде біріктіруінде (5-кесте). Зерттеудің жаңалығы DESI және IMD цифрлық индекстерін Қазақстан жағдайына бейімдеу, SDI моделіне ESG-компоненттерін (экологиялық тұрақтылық, «жасыл» білім) енгізу, сондай-ақ цифрлық ортадағы адам капиталын бағалау үшін интеграциялық индекстерді (CDI және CCI) құрастыру болып табылады. Бұл индекстер даму құрылымдық және трансформациялық индикаторларының тепе-теңдігін қамтамасыз етеді (CCI, CDI).

Талдау мен есептеулер нәтижесінде келесі мәселелер анықталды: ауыл тұрғындарының интернетпен қамтылуы жеткіліксіз; 45 жастан асқан халықтың цифрлық құзыреттілігі төмен және экологиялық көрсеткіштердің білім беру мен басқару үдерістеріне әлсіз ендірілуі байқалады.

5 - кесте. Адами капиталды бағалау әдістемесі жаңалығының элементтері

Элемент	**Сипаттамасы**	**Түсініктеме**
HDI қолдану	Жалпы қабылданған әдістеме	БҰҰДБ пайдаланады, кең таралған
DTI-ні DESI/IMD құрамдас бөліктерімен бейімдеу	Жартылай жаңа бейімдеу	Қазақстанға бейімделген индикаторлар мен салмақтардың комбинациясындағы жаңалық
SDI-ні экологияға бағытталған есептеу	Әдістемелік жаңалық	Адам капиталын дамыту моделінде ESG құрамындағы «E» компонентін күшейту ұсынылады
CDI/CCI-де агрегаттау	Ғылыми жаңалық	Индекстердің жаңа композициясы ұсынылып, салмақтардың негіздемесі және HDI-ден CDI/CCI-ге өту

Ескертпе: авторлар әзірлеген

Осы мәселелерді шешу үшін келесі ұсыныстарды беруімізге болады:

1. Университеттер мен колледждер базасында өңірлік цифрлық даярлау орталықтарын құру;

2. Ауыл мектептері мен зейнеткерлерге арналған цифрлық инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске қосу;

3. Өңір кәсіпорындары үшін тұрақты дамудың KPI-ларын енгізу: жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру, шығарындыларды азайту және экологиялық инновациялар;

4. Қызметкерлердің құзыреттер картасын және цифрлық профилін өңірлік еңбек биржалары мен жұмыспен қамту қызметтеріне интеграциялау.

Осылайша, ұсынылған CDI моделі цифрлық және тұрақты трансформацияларды ескере отырып, адам капиталын кешенді бағалауға және болжауға мүмкіндік беретіні туралы гипотезамыз расталды. Қазақстанда бұл модельді қолдану аймақтық саясатты, кадрларды даярлауды және цифрлық өсу стратегияларын әзірлеуге ғылыми негізделген деректер береді. CCI моделі адам капиталындағы цифрлық және кәсіби трансформацияларға сезімталдығы жоғары екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы үшін CDI және CCI индекстерін интеграциялап қолдану орынды әрі тиімді, CDI индексі макроэкономикалық деңгейде елдің цифрлық экономикаға қаншалықты дайын екенін бағалауға мүмкіндік береді, ал CCI индексі жекелеген ұйымдардың, салалардың және тіпті қызметкерлердің адам капиталының дамуына қосқан үлесін тереңірек талдауға жағдай жасайды.

6-кесте. Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша CDI және CCI салыстырмалы талдауы

Өңір	CDI	CCI	HDI (ресми/бағалау)
Қазақстан Республикасы	0.7038	0.7295	0.837
Алматы облысы	0.5791	0.5887	0.780
Абай облысы	0.561	0.571	0.768
Ақтөбе облысы	0.602	0.621	0.779
Шығыс Қазақстан облысы	0.612	0.630	0.790
Жетісу облысы	0.553	0.566	0.762
Қарағанды облысы	0.625	0.642	0.800
Қостанай облысы	0.590	0.611	0.774
Түркістан облысы	0.570	0.582	0.765
Астана қаласы	0.749	0.762	0.842
Алматы қаласы	0.765	0.781	0.850
Ескертпе: авторлар есептелген			

Қазақстанның кейбір өңірлері бойынша CDI және CCI индекстерінің салыстырмалы талдауының нәтижелері (6-кесте) адам капиталы дамуы деңгейіндегі өңірлік айырмашылықтарды көрсетеді. Астана және Алматы қалалары екі индексте де ең жоғары мәндерге ие, бұл олардың цифрландыру деңгейінің, білім беру мобильділігінің және институционалдық инфрақұрылымы-

ның жоғарылығын көрсетеді. Сонымен қатар, оңтүстік және жаңадан құрылған өңірлер (Жетісу, Абай, Түркістан облыстары) CDI және әсіресе CCI көрсеткіштері бойынша артта қалып отыр. Бұл жағдай жұмыс күшінің цифрлық және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған инвестициялардың қажеттілігін айқындайды.

Нәтижелердің ғылыми маңыздылығы мынада: CDI және CCI интегралды индекстерін пайдалану жалпы даму деңгейін (HDI) бағалаудан цифрлық трансформация мен тұрақтылықтың нақты сын-қатерлерін ескере отырып, адами капиталды функционалдық талдауға көшуге мүмкіндік береді. Бұл индекстер цифрлық дамудың өңірлік стратегияларын әзірлеуде, жұмыспен қамту және білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын айқындауда, цифрландыру және ESG-трансформациялау жөніндегі ұлттық бағдарламалардың іске асырылуын мониторингілеуде, салалар мен өңірлер деңгейінде стратегиялық жоспарлауда қолданылуы мүмкін.

1. Қазақстанның нақты жағдайларына бейімделген ресми HDI мәнін (0,837), цифрлық және экологиялық көрсеткіштерді қамтитын CDI және CCI интегралды модельдері әзірленіп, апробациядан өткен.

2. CDI макродеңгейде цифрлық экономикаға дайындықты бағалауға мүмкіндік беріп, HDI, DTI және SDI индекстерін бір формулаға біріктіреді.

3. CCI адам капиталының функционалдық параметрлерін салалар, ұйымдар және өңірлер деңгейінде талдауға мүмкіндік береді.

4. Проблемалық аймақтар анықталды: ересек тұрғындар арасында цифрлық құзыреттердің төмен деңгейі, қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздік, білім беру мен еңбек нарығында тұрақты даму принциптерінің жеткіліксіз интеграциясы.

5. Сандық дағдыларды дамыту, экологиялық жауапкершілік пен кадрлардың бейімделуін арттыруға бағытталған аймақтық және ұлттық саясатқа арналған ұсыныстар жасалды.

Цифрлық экономика жағдайындағы адам капиталын талдауда денсаулық сақтау саласы ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі ол өмір сүру сапасы мен еңбек өнімділігінің стратегиялық маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Денсаулық сақтауды цифрландыру адам дамуы индексінің (HDI) құрамдас бөліктеріне, атап айтқанда, күтілетін өмір сүру ұзақтығына және медициналық қызметтердің қолжетімділігіне тікелей әсер етеді. Осы мақалада әзірленген CDI және CCI интегралды адам капиталы индекстерін цифрлық технологиялардың денсаулық сақтау саласындағы әсерін бағалау құралы ретінде қолдануға болады. Мысалы, телемедицина, электронды медициналық карталар және денсаулықты алдын алу платформаларын дамыту денсаулық сақтау жүйесіндегі шығындарды азайтып қана қоймай, жалпы еңбек өнімділігі мен әлеуметтік тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді. Бұл сандық денсаулық сақтауды адам капиталын дамытудың негізгі драйверлерінің біріне айналдырады.

Қорытынды. Ресми HDI мәнін қолдану есептеулердің дұрыстығын және халықаралық салыстырмалылығын қамтамасыз етеді, ал DTI және SDI индекстері Қазақстан Республикасының цифрлық және экологиялық саясат ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. Ұсынылған интегралды модельдер цифрлық дәуірдегі адам капиталын мониторингтеуде және білім беру, цифрлық сауаттылық пен тұрақты дамудың стратегиялық шешімдерін қалыптастыруда қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы классикалық HDI-ден цифрлық шындықты көрсететін заманауи және икемді модельдерге көшуді негіздеуден тұрады. Нәтижелердің практикалық маңыздылығы модельдерді ұлттық білім беру, жұмыспен қамту және цифрлық трансформация саясатында қолдану мүмкіндігінде. Болашақта CCI моделін soft skills және танымдық қабілеттерді бағалау блогымен толықтыруға болады.

Қаржыландыру. *Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (грант AP23490443)*

Әдебиеттер

1. Baigelova A. Digitalization in the development of human capital as a condition for competitiveness and economic growth of the Republic of Kazakhstan. Reports.- 2020.-Vol.2(330)-P.107-113. DOI 10.32014/2020.2518-1483.38.

2. Digital Kazakhstan: Pioneering E-Government and AI Innovations Amid New Challenges.31 December 2024. URL: https://timesca.com.- Date of address: 05.11.2025.

3. European Commission. Digital Economy and Society Index (DESI) 2022. URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu.- Date of address: 05.11.2025.

4. IMD World Digital Competitiveness Ranking 2024.The digital divide: risks and opportunities. URL: https://imd.widen.net. Date of address: 05.11.2025.

5. Кибаева А.Б., Тусупова Л.А., Гизе Р. Анализ метода оценки человеческого капитала в цифровой экономике Казахстана // Вестник университета «Туран». - 2022. - №2(94). - С.261-267. DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-2-261-267

6. Khachaturyan A.A. Human capital in the digital economy // Resources and Environmental Economics. - 2022. - Vol. 4(1). - P. 314-324. DOI 10.25082/REE.2022.01.002

7. Ershova I.G., Karakulin A.Yu., Yakimova E.Yu., Guselnikova L.N. Management of formation of human capital in digital economy of the region // Proceedings of the Russian Conference on Digital Economy and Knowledge Management (RuDEcK 2020). - Published by Atlantis Press, 2020. DOI 10.2991/aebmr.k.200730.031

8. Amanbek E., Balgayev I., Batyrkhanov K., Tan M. Adoption of e-government in the Republic of Kazakhstan// Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity.-2020-Vol.6(3):46. DOI 10.3390/joitmc6030046

9. Sembekov A., Tazhbayev N., Ulakov N., Tatiyeva G., Budeshov Ye. Digital modernization of Kazakhstan’s economy in the context of global trends // Economic Annals-XXI. - 2021. - Vol. 187(1-2). – P.. 51–62. URL: https://doi.org/10.21003/ea.V187-05

10. World Bank. Resilient Digital Kazakhstan Program (P176295), 2021. URL: https://projects.worldbank.org .- Date of address: 05.11.2025.

11. ETF. Policies for human capital development in Kazakhstan. Torino Process Report Kazakhstan. - 2020. URL: https://www.etf.europa.eu. - Date of address: 12.12.2024.

12. Flores E., Xu X., Lu Y. Human Capital 4.0: a workforce competence typology for Industry 4.0 // Journal of Manufacturing Technology Management. - 2020.-Vol.31(4)-P.687-703. DOI 10.1108/JMTM-08-2019-0309

13. Putri R.M.S. Human Capital Strategies in the Face of Digitalization: A Review of the Literature to Improve Organizational Competitiveness. Eduvest // Journal of Universal Studies. - 2025. - № 5(5). - P.5267–5282. DOI 10.59188/eduvest.v5i5.50008

14. Kazakhstan Confirms Strong Position in Global Digital Competitiveness.24 April 2025. URL: https://astanatimes.com.- Date of address: 25.04.2025.

15. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. URL: https://stat.gov.kz - Дата обрашения: 16.04.2025.

16. UNDP. Human Development Report 2025. A matter of choice: People and possibilities in the age of AI. – 2025. URL: https://hdr.undp.org .- Date of address: 06.05.2025.

17. UNDP. Human Development Reports. URL: https://hdr.undp.org.- Date of address: 17.08.2025.

18. Sachs J.D., Lafortune G., Fuller G., Drumm E. Implementing the SDG Stimulus. Sustainable Development Report 2023. - Paris: SDSN, Dublin: Dublin University Press, 2023. URL: https://files.unsdsn.org. - Date of address: 12.12.2024.

19. International Energy Agency. CO2 Emissions in 2023 A new record high, but is there light at the end of the tunnel? URL: https://iea.blob.core.windows.net. - Date of address: 12.12.2024.

20. UNESCO. Kazakhstan URL: Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation. Astana, 2024. URL: https://gcedclearinghouse.org/node/144865?language=en. - 12.12.2024.

21. Национальный энергетический доклад Kazenergy 2023. URL: https://www.kazenergy.com. –Дата обращения: 09.12.2024.

References

1. Baigelova A. Digitalization in the development of human capital as a condition for competitiveness and economic growth of the Republic of Kazakhstan. Reports.- 2020.-Vol.2(330)-P.107-113. DOI 10.32014/2020.2518-1483.38.

2. Digital Kazakhstan: Pioneering E-Government and AI Innovations Amid New Challenges.31 December 2024. URL: https://timesca.com.- Date of address: 05.11.2025.

3. European Commission. Digital Economy and Society Index (DESI) 2022. URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu.- Date of address: 05.11.2025.4.IMD World Digital Competitiveness Ranking 2024.The digital divide: risks and opportunities. URL: https://imd.widen.net. Date of address: 05.11.2025.

5. Kibaeva A.B., Tusupova L.A., Gize R. Analiz metoda ocenki chelovecheskogo kapitala v cifrovoj jekonomike Kazahstana // Vestnik universiteta «Turan». - 2022. - №2(94). - S.261-267. DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-2-261-267. [in Russian]

6. Khachaturyan A.A. Human capital in the digital economy // Resources and Environmental Economics. - 2022. - Vol. 4(1). - P. 314-324. DOI 10.25082/REE.2022.01.002

7. Ershova I.G., Karakulin A.Yu., Yakimova E.Yu., Guselnikova L.N. Management of formation of human capital in digital economy of the region // Proceedings of the Russian Conference on Digital Economy and Knowledge Management (RuDEcK 2020). - Published by Atlantis Press, 2020. DOI 10.2991/aebmr.k.200730.031

8. Amanbek E., Balgayev I., Batyrkhanov K., Tan M. Adoption of e-government in the Republic of Kazakhstan// Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity.-2020-Vol.6(3):46. DOI 10.3390/joitmc6030046

9. Sembekov A., Tazhbayev N., Ulakov N., Tatiyeva G., Budeshov Ye. Digital modernization of Kazakhstan’s economy in the context of global trends // Economic Annals-XXI. - 2021. - Vol. 187(1-2). – P.. 51–62. URL: https://doi.org/10.21003/ea.V187-05

10. World Bank. Resilient Digital Kazakhstan Program (P176295), 2021. URL: https://projects.worldbank.org.- Date of address: 05.11.2025.

11. ETF. Policies for human capital development in Kazakhstan. Torino Process Report Kazakhstan. - 2020. URL: https://www.etf.europa.eu. - Date of address: 12.12.2024.

12. Flores E., Xu X., Lu Y. Human Capital 4.0: a workforce competence typology for Industry 4.0 // Journal of Manufacturing Technology Management. - 2020.-Vol.31(4)-P.687-703. DOI 10.1108/JMTM-08-2019-0309

13. Putri R.M.S. Human Capital Strategies in the Face of Digitalization: A Review of the Literature to Improve Organizational Competitiveness. Eduvest // Journal of Universal Studies. - 2025. - № 5(5). - P.5267–5282. DOI 10.59188/eduvest.v5i5.50008

14. Kazakhstan Confirms Strong Position in Global Digital Competitiveness.24 April 2025. URL: https://astanatimes.com.- Date of address: 25.04.2025.

15. Қазақстан Respublikasy Strategijalyқ zhosparlau zhəne reformalar agenttigi Ұlttyқ statistika bjurosy. URL: https://stat.gov.kz/.- Data obrashhenija 16.04.2025.[in Kazakh]

16. UNDP. Human Development Report 2025. A matter of choice: People and possibilities in the age of AI. – 2025. URL: https://hdr.undp.org .- Date of address: 06.05.2025.

17. UNDP. Human Development Reports. URL: https://hdr.undp.org/data-center/specific-country-data#/countries/KAZ.- Date of address: 17.08.2025.

18. Sachs J.D., Lafortune G., Fuller G., Drumm E. Implementing the SDG Stimulus. Sustainable Development Report 2023. - Paris: SDSN, Dublin: Dublin University Press, 2023. URL: https://files.unsdsn.org. - Date of address: 12.12.2024.

19. International Energy Agency. CO2 Emissions in 2023 A new record high, but is there light at the end of the tunnel? URL: https://iea.blob.core.windows.net. - Date of address: 12.12.2024.

20. UNESCO. Kazakhstan URL: Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation. Astana, 2024. URL: https://gcedclearinghouse.org. - 12.12.2024.

21. Nacional’ nyj jenergeticheskij doklad Kazenergy 2023. URL: https://www.kazenergy.com .- Data obrashhenija: 09.12.2024.[in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер

Рахметулина Ж. Б. - экономика ғылымдарының кандидаты, экономика және кәсіпкерлік кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, t-mail: rahmetulina_zh@mail.ru;

Бухатова А. С. - PhD докторанты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ, Қазақстан, e-mail: asem.bukhatova@mail.ru;

Дюсупова Г. Т.- PhD докторанты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан, e-mail: gul1511@mail.ru;

Рахметулина А.А.- «Sana Holding Ltd» компаниясының операциялық департаментінің директоры, Астана, Қазақстан, e-mail: rakhmetulina@gmail.com.

Information about the authors

Rakhmetulina Zh.B. - Candidate of Economic Sciences, Professor of the Department of Economics and Entrepreneurship, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, t-mail: rahmetulina_zh@mail.ru;

Bukhatova A. S. - doctoral student Phd, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan, e-mail: asem.bukhatova@mail.ru;

Dyussupova G.T. - doctoral student Phd, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan, e-mail: gul1511@mail.ru;

Rakhmetulina A. A. - Director of Operations Department of Sana Holding Ltd, Astana, Kazakhstan, e-mail: rakhmetulina@gmail.com.

МРНТИ 06.39.31 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-1059**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

[1]А. Азимхан✉, [2]Г.Н. Доғалова, [1]Н.М. Шеримова, [1]Г.К. Кенжетаева, [3]Р.А. Есберген

[1]Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан,
[2]Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан,
[3]ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Ақтөбе,Қазақстан,
✉*Корреспондент-автор: armoni04@mail.ru*

Қазіргі заманның мәселелерінің қатарында гендерлік теңдік пен қалыптасқан мәдени кемсітушілік стереотиптерді жеңу ең өзекті болып табылады. Гендерлік мәселелерден хабардар болу және ерлер мен әйелдердің тең қарым-қатынасына кедергі келтіретін түрлі тосқауылдарды жою азаматтық қоғамның мақсаттарына және заң үстемдігі қағидасына сәйкес келеді.

Гендерлік теңдік мәселесі өте қызықты және маңызды, бірақ оны шешу қиын. Бұл Қазақстандағы соңғы онжылдықтағы гуманитарлық ғылымдардағы жаңа зерттеу парадигмасы. Бұл парадигма қоғамның даму шарттарын анықтайды және даму барысы гендерлік теңдік идеясын жүзеге асырумен, қазіргі өркениет тарихына әйелдер әлеуетін қосумен байланысты.

Мақалада Қазақстандағы гендерлік теңдіктің қазіргі жағдайы қарастырылады, әсіресе әйелдердің мемлекеттік органдар мен саяси өмірге қатысуы талданады. Халықаралық конвенцияларды ратификациялау және 2009 жылы қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң сияқты негізгі заңнамалық бастамаларға ерекше назар аударылады. Басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі, соның ішінде мемлекеттік қызмет, парламент және жергілікті өзін-өзі басқару салаларындағы әйелдердің өкілдігіне қатысты статистикалық деректер келтірілген.

Қол жеткізілген прогреске қарамастан, авторлар әйелдердің әлі де гендерлік стереотиптер, саясаттағы «сыни массаның» жеткіліксіздігі және мансаптық өсу мүмкіндіктерінің шектеулігі сияқты кедергілерге тап болатынын атап өтеді. Мақалада бұл мәселелерді шешу үшін жүйелі көзқарастың қажеттілігі, соның ішінде квоталарды енгізу, гендерлік деректерді мониторингтеу және басқару құрылымдарында әйелдерді қолдау қажеттілігі баса айтылады. Шынайы гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін әрі қарай реформалар жүргізу және қоғамдық санада өзгеріс жасау қажет деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: гендер, саясат, гендерлік теңдік, басқару, лауазым, мемлекеттік қызмет

АНАЛИЗ ТЕКУЩЕГО СОСТОЯНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА В ГОСУДАРСТВЕННОМ УПРАВЛЕНИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

[1]А. Азимхан✉, [2]Г.Н. Доғалова, [1]Н.М. Шеримова, [1]Г.К. Кенжетаева, [3]Р.А. Есберген

[1]Торайгыров Университет, Павлодар Казахстан,
[2]Казахский университет технологии и бизнеса им.К.Кулажанова, Астана Казахстан,
[3]Филиал Академии государственного управления при Президенте РК по Актюбинской области, Актобе, Казахстан, e-mail: armoni04@mail.ru

Гендерное равенство и преодоление культурных стереотипов являются одними из наиболее актуальных проблем современного общества. Обращение внимания на гендерные вопросы и устранение барьеров, мешающих равноправным отношениям между мужчинами и женщинами, соответствует основным целям гражданского общества и принципу верховенства закона.

Эта проблема важна не только с точки зрения социальной справедливости и прав человека, но и для устойчивого развития общества и экономического роста. В последние десятилетия в Казах-

стане сформировалась новая исследовательская парадигма в гуманитарных науках, рассматривающая гендерное равенство как фактор социального развития. Направление и стабильность общественного развития напрямую зависят от уровня реализации идеи гендерного равенства.

В статье рассматривается текущее состояние гендерного равенства в Казахстане, с акцентом на участие женщин в государственных органах и политической жизни. Анализируются ключевые законодательные инициативы, такие как ратификация международных конвенций и принятие закона «О государственных гарантиях равных прав и возможностей женщин и мужчин» (2009 г.). Приводятся статистические данные о представительстве женщин на различных уровнях управления, включая государственные службы, парламент и местное самоуправление.

Несмотря на достигнутый прогресс, авторы отмечают, что женщины по-прежнему сталкиваются с барьерами, включая гендерные стереотипы, недостаток «критической массы» в политике и ограниченные возможности карьерного роста. Статья подчеркивает необходимость системного подхода к решению этих проблем, включая квоты, мониторинг гендерных данных и поддержку женщин в управленческих структурах. Делается вывод о том, что достижение реального гендерного равенства требует дальнейших реформ и изменения общественного сознания.

Ключевые слова: гендер, политика, гендерное равенство, управление, должность, государственная служба.

ANALYSIS OF THE CURRENT STATE OF GENDER EQUALITY IN PUBLIC ADMINISTRATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

[1]A.Azimkhan✉, [2]G.Dugalova, [1]N. Sherimova, [1]G.Kenzhetayeva, [3]R.Yesbergen

[1]Toraighyrov University, Pavlodar Kazakhstan,
[2]K.Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan,
[3]Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Aktobe region, Aktobe Kazakhstan,
e-mail: armoni04@mail.ru

Gender equality and overcoming cultural stereotypes are among the most pressing issues of modern society. Addressing gender issues and eliminating barriers that hinder equal relationships between men and women align with the core goals of civil society and the principle of the rule of law.

This issue is important not only from the perspective of social justice and human rights but also for sustainable societal development and economic growth. In recent decades, a new research paradigm has emerged in the humanities in Kazakhstan, viewing gender equality as a factor of social development. The direction and stability of societal progress are directly dependent on the level of implementation of the idea of gender equality.

The article examines the current state of gender equality in Kazakhstan, focusing on women's participation in government bodies and political life. It highlights key legislative initiatives, such as the ratification of international conventions and the adoption of the 2009 law "On State Guarantees of Equal Rights and Opportunities for Men and Women." Statistical data on women' s representation at various levels of governance, including public service, parliament, and local self-government, are provided.

Despite the progress made, the authors note that women still face barriers such as gender stereotypes, the lack of a "critical mass" in politics, and limited career growth opportunities. The article emphasizes the need for a systematic approach to addressing these issues, including the introduction of quotas, gender data monitoring, and support for women in leadership structures. It concludes that achieving true gender equality requires further reforms and changes in public consciousness.

Keywords: gender, politics, gender equality, management, position, public service.

Кіріспе. Елімізде әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде біршама жетістіктерге қол жеткізілді. Мысалы, Қазақстан «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» ірі халықаралық конвенциялардың бірін ратификацияласа, 2009 жылы үкімет «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңды қабылдады. Бұл тең құқылы қоғам құру жолындағы маңызды қадамдар болды, бірақ гендерлік мәселелер үкімет тарапынан елеусіз қалды. Мысалы, 2030 жылға дейінгі отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы контекстінде гендерлік мәселелерді шешу үкіметтің гендерлік теңдіктің жеке стратегиясын жасауға әлі де қарсы екенін және бұл саланы отбасы мәселелерімен шатастырып отырғанын көрсетеді [1].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі гендерлік теңдік тұжырымдамасы және гендерлік саясатты зерттеудің әртүрлі аспектілері бойынша батыс, ресей және қазақстандық ғалымдардың зерттеулері болып табылады. Зерттеу барысында Қазақстандағы гендерлік теңдік мәселесіне қатысты заңнамалық және нормативтік құжаттар, халықаралық ұйымдардың баяндамалары, ресми статистикалық деректер, сондай-ақ ғылыми еңбектер мен сараптамалық материалдар пайдаланылды. Мақаланы талдауда жүйелік, құрылымдық-функционалдық, әлеуметтік, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері, сонымен қатар жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау. Мемлекеттің ерлер мен әйелдердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудегі жүйелі көзқарасы туралы айтатын болсақ, әйелдердің билік органдарына қатысу дәрежесіне және сәйкесінше олардың мемлекеттік саясатқа әсер ету қабілетіне назар аудару керек.

Әйелдердің әлеуметтік өмірге және шешім қабылдау процестеріне қосылуы туралы ресми статистикалық мәліметтерге қарасақ, Қазақстанның халықаралық қауымдастықты қанағаттандыратын кешенді шараларды қабылдауда, сондай-ақ әйелдерге өмір сүруге мүмкіндік беруде айтарлықтай ілгерілеушілік болмағаны анық [2].

Біздің елімізде 2009 жылы «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері» заңы қабылданды. Содан бері қаншама құжаттар бекітіліп, көптеген органдар құрылды. Ал соңғы жылдары бұл саясат қарқын алды.

2022 жылы Қазақстан 146 елдің ішінде 65-орынды иеленді. Білім беру мен экономикалық мүмкіндіктерде алға жылжығанымен, саяси қатысу көрсеткіші бойынша 103-орында қалды.

Испания мен Финляндия сияқты елдерде әйелдердің үкіметтегі үлесі 60%-дан асады. Жалпы ОЭСР елдері бойынша орташа көрсеткіш - 57,4%. Көптеген елдер мемлекеттік қаражатты бөлу кезінде ерлер мен әйелдердің қажеттіліктерін ескеретін гендерлік бюджетті жоспарлауды енгізген. Кейбір елдерде парламент пен басшылық лауазымдарда әйелдердің кем дегенде белгілі бір пайызын қамтамасыз ету үшін міндетті квоталар енгізілген.

Қазақстанда әйелдердің мемлекеттік қызметтегі жалпы үлесі жоғары болғанымен, саяси және басшылық лауазымдарда олардың саны ОЭСР елдерімен салыстырғанда әлі де төмен.

ОЭСР елдерінде гендерлік бюджеттеу мен квоталар сияқты нақты тетіктер кеңінен қолданылады. Қазақстанда әйелдердің саясатқа қатысуына кедергі келтіретін дәстүрлі көзқарастар мен стереотиптер әлі де бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары екі деңгейге – орталық және жергілікті атқарушы органдарға бөлінеді. Мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі орталық органдарда (64,6%), ал шамамен үштен бірі жергілікті мемлекеттік органдарда (35,4%) жұмыс істейді.

2022 жылы елдегі мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 55,4 %-ын құрады, оның ішінде: саяси қызметшілер арасында – 8,3%, «А» әкімшілік қызметкерлері арасында - 12% құрады.

Басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі 39,3% (23790-ның 9346-сы). Лауазымдардағы әйелдердің өкілдігі:

- министрдің орынбасарлары - 11,1% (90-нан 10);

- аймақтық вице-президенттер - 6% (84-тен 5);

- орталық атқарушы органдардың персоналды басқарушылары, Ұлттық құқық қорғау орталығының басшысы - 15,8% (19-дан 3);

- орталық мемлекеттік органдар комитеттері төрағасының орынбасарлары мен басқарма басшылары - 35,2 % (398-ден 140);

- орталық мемлекеттік органдардың өңірлік бөлімшелерінің басшылары - 15,5% (511-ден 79);

- аймақтық менеджерлер - 16,4% (402-ден 66),

- қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары - 12,8% (600-ден 77) құрады.

Мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны және әйелдердің үлесі 1-кестеде көрсетілген.

1 - кесте. Мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны және әйелдердің үлесі

Жыл	Мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны	Әйелдердің үлесі (%)	Әйелдердің саны
2022	шамамен 84 000	55,4%	шамамен 46 000
2023	83 009	55,6%	46 116
2024	83 000	55,5%	шамамен 46 065

1-кестеге сәйес Қазақстанда 2022 жылы мемлекеттік қызметте жұмыс істейтін әйел мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының шамамен 55 пайызын немесе 46000 -ын, яғни жартысынан астамын құрайды [3].

Саяси қызметкерлер арасында әйелдердің үлесі төмен - 9,3%, әкімшілік қызметшілер арасында А корпусында - 4,1%, В корпусында - 55,3%. Бұл Италия, Бельгия және Испания сияқты ЭЫДҰ елдеріндегі бірдей көрсеткіштен асып түседі.

Басшылар арасында әйелдердің үлесі 39,2 % құрайды. Бұл 9,3 мыңнан астам әйел көшбасшы деген сөз [4].

Басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі 2-кестеде көрсетілген.

2 - кесте. Басшылық лауазымдағы әйелдер

Жыл	Басшылық лауазымдағы әйелдердің үлесі (%)	Әйел-басшылардың саны
2022	39,2%	шамамен 9 360
2023	39,3%	9 369
2024	39,2%	шамамен 9 360

2-кестеге сәйес саяси қызметкерлер арасында әйелдердің үлесі 2023 жылы 39,3 пайыз болғанымен 2024 жылы ол қайта 39,2 пайызды құрады.

Қазақстан Парламентінің төменгі палатасындағы әйелдер өкілдігі 2000 жылдардың басынан бері айтарлықтай өскенімен, ол әлі де 27,4% деңгейінде қалып отыр [5].

«Критикалық масса» деген ұғымның бар екендігін айта кеткен жөн, зерттеушілер мемлекеттік институттардағы әйелдердің мүдделері мен гендерлік күн тәртібін ілгерілетуде соншалықты белсенді еместігінің бір себебі «сыни массаның» болмауында деп санайды. Бұл әйелдерге коалиция құру және шешім қабылдауда көбірек салмақ алу арқылы тиімдірек жұмыс істеуге мүм-

кіндік береді, ол бұл шекті 30% өту ер депутаттар арасында әйел дауысының жоғалмауын қамтамасыз етеді деп санайды.

Қазақстанда парламенттің төменгі палатасындағы әйелдер өкілдігінің үлесі соңғы 25 жылда өсті және әрқашан әлемдік орташа көрсеткішпен бірдей деңгейде болмайды, 2021 жылы одан асып түсті және содан бері төмендеген жоқ. Дегенмен, бұл әлі де ерлердің санына қарағанда азырақ көңіл көншітеді.

Мәселен, «Парламентаралық Одақ» және «Біріккен Ұлттар Ұйымы» мәліметтері бойынша әйелдер Қазақстан 2023 жылы бір палаталы парламенттердегі немесе парламенттің төменгі палатасындағы әйелдердің үлесі бойынша әлемдік рейтингте небәрі 69-шы орында тұр. Әйелдер мен ерлер үшін феминизмді жеңген ең маңызды ел Швецияда әйелдердің 47%-ы бар болғаны жетінші орынға ие болды [6].

Айта кету керек, Мемлекет басшысының тапсырмасымен мемлекет қатысатын компаниялардың басқару органдарындағы әйелдердің үлесін кезең-кезеңімен 30 пайызға жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Үкіметі әйелдердің басқару құрылымдарына қатысуын арттыру үшін келесі шараларды қабылдауда:

- өкілді органдарда әйелдерге арналған квота енгізілді;

- 2030 жылға дейін мемлекеттік қатысатын компаниялардағы әйелдердің үлесін 30%-ға жеткізу мақсаты қойылды;

- әйелдердің көшбасшылығын дамыту бағдарламалары: басшылық лауазымдарға тағайындау үшін арнайы кадрлық резервке әйелдерді тарту қолға алынған;

- ”KazFemLeader” бастамасы: әйелдердің мемлекеттік басқару жүйесіне белсенді қатысуын ынталандыруға бағытталған;

- ”She Leads” бағдарламасы: қоғамдық және мемлекеттік секторда әйел көшбасшыларын даярлауға арналған тренингтер мен менторлық қолдау;

- саяси ерік-жігерді күшейту: әйелдердің саясатқа қатысуын кеңейту үшін заңнамалық шаралар мен арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру қажет;

- гендерлік бюджеттеуді енгізу: бюджетті жоспарлау кезінде гендерлік аспектілерді ескеру ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік қызметшілерге гендерлік теңдік туралы тренингтер өткізу ұйымішілік мәдениетті өзгертеді;

- мониторинг және бағалау жүйесі: гендерлік саясаттағы жетістіктер мен қиындықтарды үнемі бақылап отыру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жалпы, саясат пен басқару салаларында әйелдердің барабар өкілдігіне кедергі келтіретін мәселелердің ішінде мыналарды атап өткен жөн 1-сурет.

1-суретте мемлекеттік басқарудағы гендерлік теңдіктің негізгі мәселелері көрсетілген, олар:

- қоғамда әйелдердің саясатта ілгерілеуіне кедергі болатын стереотиптердің болуы;

- квазимемлекеттік сектордағы әйелдер қызметіндегі өкілдіктің теңгерімсіздігі;

- әйелді отбасына, бала тәрбиесіне және саясатқа араласуға жетелейтін әлеуметтік-мәдени стереотиптер;


- әйелдердің көпшілігінің өмірлік стратегиясында өзіне деген сенімділіктің төмен деңгейі, саясаткер немесе көшбасшы ретіндегі мансапқа деген талаптардың болмауы;

- ел экономикасындағы дағдарыстық жағдай, отбасылардың көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік инфрақұрылымның бұзылуы;

- күш құрылымдарындағы маңызды лауазымдар үшін ерлердің күресіндегі қатаң бәсекелестік, ал әйелдердің көпшілігінің бұл күреске толық қатысу үшін қажетті дағдылары, іскерлік байланыстары және қаржылық ресурстары жоқ [7].

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде әйелдердің басқару саласына көтерілу тенденциясы пайда болды. Мысалы, Гендерлік теңдік стратегиясы шешім қабылдау деңгейін-

де әйелдердің 30 пайыздық өкілдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сайланбалы лауазымдардың барлық түрлеріне, оның ішінде саяси партиялардағы, еңбек қатынастары саласындағы және басқа да салалардағы лауазымдарға кандидаттардың тізімдерін қалыптастыру кезінде саяси институттардағы жыныстардың бірінің өкілдерінің кемінде 30 пайызын құрайтын квота іске асырылған.



1 - сурет. Мемлекеттік басқарудағы гендерлік теңдіктің негізгі мәселелері

Біздің ойымызша, Қазақстанның әлеуметтік саласында бірнеше «орталар» бар, олардың әрқайсысында әйелдердің саяси қатысуының өзіндік стратегиясы бар.

2 - суретке сәйкес мемлекеттік басқаруда гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін келесі шараларды ұсынуға болады [8]:

- стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік даму бағдарламаларында мемлекеттік органдар мен комитеттерде әйелдер мен ерлердің тең өкілдігіне қол жеткізу мақсатын нақты белгілеу, оның ішінде нақты мақсатты көрсеткіштерді белгілеу және қажет болған жағдайда әйелдер санын квоталар арқылы айтарлықтай арттыру бойынша шаралар қабылдау;

- барлық деңгейдегі басшы лауазымдардағы әйелдер мен ерлер туралы сандық және сапалы мәліметтерді ұдайы жинау, талдау және тарату және осы деректерді жыл сайын тарату негізінде әйелдер өкілдігінің ілгерілеуін бақылау және бағалау;

- ұлттық гендерлік теңдік жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жалпыға ортақ және тұрақты есеп беру процесін ұйымдастыру, бірыңғай есептілік стандарттарын әзірлеу және гендерлік статистиканы жетілдіру;

- мекемелердегі әйелдердің санын көбейту және олардың беделін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қаржыландырылатын ұйымдарды кемсітпейтін саясат пен тәжірибе үшін ынталандыру жүйесін құру;

- әйелдер арасында басшылардың және басқарушылардың «сыни массасын» құру бойынша шаралар қабылдау, кадр резервін құру; әйелдер-

дің басқарушы персонал үшін оқыту және қайта даярлау ресурстарына, оның ішінде жұмыс орнын сақтауды оқытуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;


- әйелдерге қатысты ашықтық пен кемсітушілікке жол бермеу үшін жоғары лауазымды мекемелерге тағайындау критерийлеріне шолу;

- үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың мемлекеттік қызметкерлерді гендерлік теңдік және гендерлік сенсибилизация тұжырымдамаларына оқыту бойынша бастамаларын қолдау; мемлекеттік қызметшілерге арналған аттестаттау комиссиясының тізімдеріне гендерлік сезімталдық мәселелерін енгізу;

- мемлекеттік мекемелердегі гендерлік кемсітушілікке қатысты санкцияларды, шағымдарды қарау және қарау рәсімдерін әзірлеу және енгізу, гендерлік кемсітушілік жағдайында басшыларды жазалау;

- аймақтық халықаралық форумдарға қатысу үшін ұлттық үкімет делегацияларының құрамында гендерлік тепе-теңдікті сақтау;

- сайлау кезінде әйелдерді қолдау мақсатында республикалық және жергілікті ақпараттық науқандарды өткізу [9].



2 - сурет. Мемлекеттік басқаруда гендерлік теңдікті қамтамасыз ету шаралары

Қорытынды. Болашақта гендерлік теңдікті дамыту мүмкіндіктері орасан зор және перспективалы болып табылады. Проблемалар мен сынқатерлер әлі де бар екеніне қарамастан, біз осы салада айтарлықтай жетістіктерді көріп отырмыз. Ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі саясат пен рәсімдерді енгізу, сондай-ақ стереотиптер мен сенімсіздіктерді еңсеру гендерлік теңдікке қол жеткізуде нағыз серпіліс болды. Гендерлік-саналы

қоғамды қалыптастыруда негізгі факторға айналатын білім беруге де көп көңіл бөлінеді. Болашақта кемсітушілікті жою және жыныстық тиесілігіне қарамастан барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Гендерлік теңдікті ілгерілету тек әлеуметтік қажеттілік қана емес, сонымен қатар біздің қоғам үшін оның барлық мүшелерінің дамуы мен гүлденуіне ықпал ететін стратегиялық мақсат болып табылады [10].

Әдебиеттер

1. Индекс гендерного неравенства в Республике Казахстан [Электронный ресурс]. URL: https://gender.stat.gov.kz. -Қаралған күні: 08.12.2024.

2. Всемирный экономический форум. Global Gender Gap Report 2020 [Электронный ресурс]. URL: https://www3.weforum.org. - Қаралған күні: 08.12.2024.

3. Винокуров Е. Гендерное равенство на рынке труда https://kz.kursiv.media. - Қаралған күні: 08.12.2024.

4. Силласте Г.Г. Гендерная политика и социальный механизм ее возможной реализации.- Материалы Всероссийской научной конференции «Гендерная политика в России и в мире: экономика, управление, общество, Ивановский государственный университет, Иванов. - 2021.- С. 3-13.

5. UNDP. Tackling social norms [Электронный ресурс]. URL: https://www.undp.org. - Қаралған күні: 05.01.2024.

6. Мухина В.С. Личность: Мифы и Реальность (Альтернативный взгляд. Системный подход. Инновационные аспекты). - 5-е изд.- М. - 2017.- 1084 с.ISBN: 978-5-444-10061-5

7. «Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года» [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні: 08.12.2024.

8. Асанова Д. А. Гендерные вопросы в образовании Казахстана: взгляд изнутри [Электронный ресурс]. URL: https://ojs.ukrlogos.in.ua. - Қаралған күні: 21.12.2024.

9. Темиргалиева Б.Е. Проблема формирования гендерного самосознания женщин Казахстана в условиях культуральной специфики, дисс…акад. звание магистр по специальности «Психология» – Шымкент. - 2021. - 118 с.

10. Сравнительный анализ состояния гендерного равенства в странах СНГ и мужчин и женщин в процессах управле ния на уровне принятия решений // www.stat.gov.kz. - Қаралған күні: 21.12.2024.

References

1. Indeks gendernogo neravenstva v Respublike Kazahstan [Jelektronnyj resurs]. URL: https://gender.stat.gov.kz. - Date of access: 08.12.2024. [in Russian]

2. Vsemirnyj jekonomicheskij forum. Global Gender Gap Report 2020 [Jelektronnyj resurs]. URL: https://www3.weforum.org. - Date of access: 08.12.2024. 3.Vinokurov E. Gendernoe ravenstvo na rynke truda https://kz.kursiv.media. -Date of access: 08.12.2024. [in Russian]

3. Sillaste G.G. Gendernaja politika i social’nyj mehanizm ee vozmozhnoj realizacii.- Materialy Vserosijskoj nauchnoj konferencii «Gendernaja politika v Rossii i v mire: jekonomika, upravlenie, obshhestvo, Ivanovskij gosudarstvennyj universitet, Ivanov. - 2021.- S. 3-13. [in Russian]

4. Sillaste G.G. Gendernaja politika i social’nyj mehanizm ee vozmozhnoj realizacii.- Materialy Vserosijskoj nauchnoj konferencii «Gendernaja politika v Rossii i v mire: jekonomika, upravlenie, obshhestvo, Ivanovskij gosudarstvennyj universitet, Ivanov. - 2021.- S. 3-13. [in Russian]

5. UNDP. Tackling social norms [electronic resource]. URL: https://www.undp.org. -Date of access: 05.01.2025.

6. Muhina V.S. Lichnost': Mify i Real'nost' (Al'ternativnyj vzgljad. Sistemnyj podhod. Innovacionnye aspekty). - 5-e izd.- M., 2017.- 1084 s.ISBN: 978-5-444-10061-5. [in Russian]

7. «Koncepcija semejnoj i gendernoj politiki v Respublike Kazahstan do 2030 goda» [Jelektronnyj resurs]. URL: https://adilet.zan.kz. -Date of access: 15.12.2024. [in Russian]

8. Asanova D. A. Gendernye voprosy v obrazovanii Kazahstana: vzgljad iznutri [Jelektronnyj resurs]. URL: https://ojs.ukrlogos.in.ua. - Date of access: 21.12.2024. [in Russian]

9. Temirgalieva B.E. Problema formirovanija gendernogo samosoznanija zhenshhin Kazahstana v uslovijah kul'tural'noj specifiki, diss…akad. zvanie magistr po special'nosti «Psihologija» – Shymkent. - 2021. - 118 s. [in Russian]

10. Sravnitel'nyj analiz sostojanija gendernogo ravenstva v stranah SNG i muzhchin i zhenshhin v processah upravle nija na urovne prinjatija reshenij // www.stat.gov.kz. - Date of access: 21.12.2024. [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер

Азимхан А - PhD, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан, e-mail:armoni04@mail.ru;

Доғалова Г.Н.- экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: gdugalova@mail.ru;

Шеримова Н.М.- PhD, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан, e-mail: asanek2010@mail.ru,

Кенжетаева Г. К.- аға оқытушы, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан, e-mail: qulmira74@mail.ru;

Есберген Р. Ә. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: rau01021980@mail.ru.

Information about the authors

Azimkhan A.- PhD, Toraigyrov University" NAO, Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: armoni04@mail.ru

Dugalova G. N.- Doctor of Economic Sciences, Professor, K.Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan, e-mail: gdugalova@mail.ru;

Sherimova N.M.- PhD, «Toraighyrov University» NCJSC, Pavlodar Kazakhstan, e-mail: asanek2010@mail.ru;

Kenzhetayeva G.K.- Senior Lecturer, Toraigyrov University" NAO, Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: qulmira74@mail.ru;

Yesbergen R. - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Aktobe region, docent, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: rau01021980@mail.ru.

ҒТАМР 06.77.61 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-1120**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ӘСЕРІНЕН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫС ӨЗГЕРІСІ

[1]Н.А. Курманов, [2]Н.А. Ибадильдин, [3]Г. Каирлиева, [4]Ғ.Ә. Кенешева, [1]Н.А. Алдабергенов✉, [5]Вэй Фэн

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан,
[2]IT University, Астана, Қазақстан,
[3]Қазақстан инновациялық телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал, Қазақстан,
[4]Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан,
[5]A&F Солтүстік-Батыс университеті, Синьян, Қытай Халық Республикасы
✉*Корреспондент-автор: aport777@list.ru*

Мақалада жасанды интеллекттің (ЖИ), оның ішінде генеративті формаларының жұмыспен қамтудағы құрылымдық өзгерістерге және кәсіби дағдыларға қойылатын талаптарға әсері жан-жақты талданады. AI Index 2025 есебінің деректері мен McKinsey & Company компаниясының халықаралық сауалнамаларына негізделген қайталама талдау нәтижелері ұсынылады және генеративті технологиялардың әртүрлі салаларда таралуы, мамандандырылған ЖИ дағдыларына сұраныстың өзгеруі, сондай-ақ жұмыс берушілердің ЖИ персоналына және кадрларды қайта даярлау ауқымына қатысты болжамдары қарастырылды.

2012-2024 жылдар аралығында Python бағдарламалау тілі, деректерді талдау, процестерді автоматтандыру және бұлттық технологиялар сияқты дағдыларға сұраныстың айтарлықтай артқаны байқалды.2024 жылы генеративті ЖИ, әсіресе ChatGPT, Large Language Models, Microsoft Copilot және Retrieval Augmented Generation технологияларының жаппай таралуы тіркелді, бұл сәйкесінше жаңа жұмыс орындарының пайда болуымен сипатталды. ЖИ-дің еңбек нарығына әсері тек IT саласымен шектелмей, өнеркәсіп, білім беру, энергетика және ауыл шаруашылығы секілді салаларда да байқалды және бұл салаларда ЖИ технологиялары белсенді енгізілуде, соның нәтижесінде жұмыспен қамту құрылымында айтарлықтай өзгерістер орын алуда.

Жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнамалар автоматтандыруға қатысты алаңдаушылықтың сақталғанына қарамастан, көптеген компаниялар қызметкерлер санын көбейтуді және кадрларды жаппай қайта даярлауды жоспарлап отырғанын көрсетті. Мәселен, қызметкерлердің 20%-дан астамын қайта оқытуды жоспарлаған респонденттердің үлесі 2023 жылғы 38%-дан 2024 жылы 46%-ға дейін артқан.

Мақалада макро- және микроэкономикалық деңгейдегі талдаулар ұштастырылған кешенді тәсіл ұсынылады, ол ЖИ технологияларының еңбек нарығына ықпалын ғылыми тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы – оларды цифрлық экономиканың сын-қатерлеріне бейімделген білім беру жүйесін және еңбек саясатын қалыптастыруда қолдану мүмкіндігінде. Цифрлық инфрақұрылымы қалыптасу кезеңіндегі мемлекет ретінде Қазақстан үшін бұл нәтижелердің бейімделу ерекшеліктеріне назар аударылған.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, генеративті ЖИ, еңбек нарығы, цифрлық трансформация, кәсіби дағдылар, жұмыспен қамту құрылымы, жұмыспен қамту болжамы, персоналды қайта даярлау.

ТРАНСФОРМАЦИЯ СТРУКТУРЫ ЗАНЯТОСТИ И СПРОСА НА ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ НАВЫКИ ПОД ВЛИЯНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

[1]Н.А. Курманов, [2]Н.А. Ибадильдин, [3]Г. Каирлиева, [4]Ғ.Ә. Кенешева, [1]Н.А. Алдабергенов✉, [5]Вэй Фэн

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[2]Astana IT University», Астана, Казахстан,

[3]Казахстанский университет инновационных телекоммуникационных систем, Уральск, Казахстан,
[4]Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан,
[5]Северо-западный университет A&F, г. Синьян, Китайская Народная Республика,
e-mail: aport777@list.ru

В статье проведено исследование трансформации структуры занятости и требований к профессиональным навыкам под влиянием искусственного интеллекта, включая его генеративные формы. На основе вторичного анализа данных отчета AI Index 2025 и международных опросов McKinsey & Company рассмотрены изменения в спросе на специализированные ИИ-навыки, распространение генеративных технологий по отраслям и прогнозы работодателей относительно влияния ИИ на численность персонала и масштабы переподготовки.

Показано, что в период с 2012 по 2024 годы значительно вырос спрос на такие навыки, как Python, анализ данных, автоматизация процессов и облачные технологии. В 2024 году наблюдалось бурное распространение генеративного ИИ - особенно ChatGPT, Large Language Models, Microsoft Copilot и Retrieval Augmented Generation, что отражено в росте числа соответствующих вакансий. Отраслевая структура ИИ-занятости также претерпела изменения - наряду с ИТ-сектором, активное внедрение ИИ произошло в промышленности, образовании, энергетике и в сельском хозяйстве.

Результаты опросов работодателей продемонстрировали, что, несмотря на опасения по поводу автоматизации, растет число компаний, ожидающих увеличение численности персонала и необходимость масштабной переподготовки кадров. Доля респондентов, планирующих переобучение более 20% сотрудников, увеличилась с 38% в 2023 году до 46% в 2024 году.

Статья делает вклад в научную дискуссию о влиянии ИИ на рынок труда, предлагая комплексный подход, сочетающий макро- и микроуровневый анализ. Практическая значимость полученных выводов заключается в их применимости при разработке образовательной и трудовой политики, адаптированной к вызовам цифровой экономики. Особое внимание уделено применимости результатов для Казахстана, как страны с формирующейся цифровой инфраструктурой.

Ключевые слова: искусственный интеллект, генеративный ИИ, рынок труда, цифровая трансформация, профессиональные навыки, структура занятости, прогноз занятости, переподготовка персонала.

TRANSFORMATION OF EMPLOYMENT STRUCTURE AND DEMAND FOR PROFESSIONAL SKILLS UNDER THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE

[1]N.A. Kurmanov, [2]N.A. Ibadildin, [3]G. Kairliyeva, [4]G.A. Kenesheva, [1]N.A. Aldabergenov✉, [5]Wei Feng
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
[2]IT University, Astana, Kazakhstan,
[3]Kazakhstan University of Innovative Telecommunication Systems, Uralsk, Kazakhstan,
[4]Karaganda university of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan,
[5]Northwest A & F University, Xinyang, People' s Republic of China,
e-mail: aport777@list.ru

The article examines the transformation of the employment structure and professional skills requirements under the influence of artificial intelligence, including its generative forms. Based on a secondary analysis of data from the AI Index 2025 report and international surveys by McKinsey & Company, changes in demand for specialized AI skills, the spread of generative technologies across industries, and employer forecasts regarding the impact of AI on the number of staff and the scale of retraining are considered. It is shown that in the period from 2012 to 2024, the demand for skills such as Python, data analysis, process automation, and cloud technologies increased significantly. In 2024, there was a rapid spread of generative AI - especially ChatGPT, Large Language Models, Microsoft Copilot and Retrieval Augmented Generation, which is reflected in the growing number of relevant vacancies. The

sectoral structure of AI employment has also undergone changes. Along with the IT sector, AI has been actively introduced in industry, education, energy, and agriculture. The results of employer surveys have shown that, despite concerns about automation, there is a growing number of companies anticipating an increase in staff numbers and the need for extensive retraining. The share of respondents planning to retrain more than 20% of employees increased from 38% in 2023 to 46% in 2024. The article contributes to the scientific discussion about the impact of AI on the labor market by offering a comprehensive approach combining macro- and micro-level analysis. The practical significance of the findings lies in their applicability in the development of educational and labor policies adapted to the challenges of the digital economy. Special attention is paid to the applicability of the results for Kazakhstan, as a country with an emerging digital infrastructure.

Keywords: artificial intelligence, generative AI, labor market, digital transformation, professional skills, employment structure, employment forecast, staff retraining.

Кіріспе. Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының, әсіресе оның генеративті түрлерінің қарқынды дамуы еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістерге және кәсіби дағдыларға қойылатын талаптарға елеулі ықпал етуде. Экономиканы цифрландыру және жеделдетілген технологиялық прогресс жағдайында адами капиталға қойылатын талаптар түбегейлі өзгеріп, бұл еңбек ресурстарын басқару, білім беру саясаты мен стратегиялық жоспарлау тәсілдерін жүйелі түрде қайта қарауды қажет етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – еңбек нарығында жасанды интеллекттің ықпалымен жүріп жатқан трансформациялық үдерістерді ғылыми тұрғыда талдау қажеттілігінде. Соңғы жылдары бұл салада эмпирикалық зерттеулер саны артқанына қарамастан, генеративті ЖИ технологияларын енгізу нәтижесінде туындайтын дағдылар құрылымындағы өзгерістер, салалар арасындағы ерекшеліктер және кадрларды қайта даярлау қажеттілігі әлі де жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Бұлар аталмыш тақырыптың ғылыми және қолданбалы маңыздылығын айқындай түседі және зерттеу үшін өзекті әрі тың бағытты қалыптастырады.

Зерттеу нысаны болып цифрлық трансформация жағдайындағы еңбек нарығы, ал зерттеу пәні ретінде генеративті ЖИ әсерінен кәсіби дағдыларға сұраныс құрылымындағы өзгерістер мен жұмыспен қамтылғандар санының динамикасы беріледі.

Жұмыс мақсаты - ашық деректер мен сараптамалық болжамдар негізінде экономиканың түрлі салаларындағы жұмыспен қамту құрылымы мен кәсіби құзыреттер жүйесіндегі өзгерістерді талдау. Негізгі гипотезасы генеративті ЖИ технологияларын енгізу тек дәстүрлі қызмет салаларындағы жұмыс орындарының азаюына ғана емес, сонымен қатар кадрларды жаппай қайта даярлауды талап ететін жаңа құзыреттілік профильдерінің пайда болуына ықпал етуінде.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу аясында келесі міндеттер алға қойылды: ЖИ технологияларының еңбек нарығына әсерін зерттеудегі теориялық тәсілдерді жүйелеу; экономиканың әртүрлі секторларында дағдылар мен ЖИ-ге қатысты бос жұмыс орындарына сұраныстағы өзгерістерді талдау; жұмыс берушілердің персонал саны және қайта даярлау стратегиялары бойынша күтулеріндегі салалық айырмашылықтарды айқындау; цифрлық экономика жағдайында жұмыспен қамту мен білім беру саясаты үшін ұсынымдар мен қорытындыларды тұжырымдау.

Зерттеу әдіснамасы – құрылымдық және салыстырмалы талдау әдістерін, халықаралық сауалнамалар мен ресми статистикалық мәліметтерге негізделген қайталама талдауды, сондай-ақ ғылыми дереккөздер мен болжамдарды жүйелеуді қамтиды. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – жасанды интеллектке негізделген экономикалық модельдерге көшу жағдайында, әсіресе цифрлық инфрақұрылымы қалыптасу кезеңіндегі Қазақстан сияқты елдер үшін, білім беру мен кадр даярлау салаларындағы саясатты тиімді құруға арналған ұсыныстарды әзірлеу мүмкіндігінде жатыр.

Материалдар мен әдістер. Жасанды интеллектті, соның ішінде оның генеративті формаларын қоса алғанда, жұмыспен қамту құрылымын трансформациялаудың өзектілігі – бизнес-процестерге цифрлық технологияларды жедел енгізу үдерісімен және экономиканың түрлі секторларындағы кадрларды даярлау жүйесінің жаңғыруымен тығыз байланысты. Қазіргі кезеңдегі технологиялық өзгерістердің жоғары қарқыны және еңбек нарығындағы белгісіздіктің артуы бұл мәселені ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге шолу жасау мен қолда бар статистикалық және сараптамалық деректерді эмпирикалық тұрғыдан талдау әдістері ұштастырылған кешенді тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл өзгермелі технологиялық орта жағдайында еңбек нарығының трансформациясын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осы жұмыстың негізгі зерттеу сұрағы төмендегідей тұжырымдалды:

Жасанды интеллектінің әсерінен экономиканың түрлі салаларындағы кәсіби дағдылар мен кадрларға сұраныс құрылымы қандай өзгерістерге ұшырайды?

Ұсынылып отырған негізгі гипотеза – генеративті ЖИ технологияларын кең ауқымда енгізу кәсіби құзыреттерге деген сұранысты әртараптандырады, жұмыспен қамтудың салалық құрылымына елеулі өзгерістер енгізеді және цифрлық экономика жағдайында кадрларды қайта даярлау ауқымының артуына алып келеді.

Әдебиеттерге шолу ЖИ-дің еңбек нарығына ықпалын сипаттайтын негізгі ғылыми басылымдарды қамтиды. Бұл еңбектерде теориялық көзқарастармен қатар, эмпирикалық бағалаулар да ұсынылған. Lane және Saint-Martin (2021) [1] мәліметтеріне сүйенсек, ЖИ-дің жұмыспен қамтуға әсері күрделі әрі салалар бойынша біркелкі емес сипатқа ие. Zarifhonarvar (2024) [2] ChatGPT-ті жұмыспен қамту құрылымын өзгертетін ықпалды экономикалық фактор ретінде қарастырады. Su, Togay және Côté (2021) [3] жасанды интеллекттің қосарлы табиғатын атап өтеді: ол бір жағынан дәстүрлі мамандықтарды ығыстырып шығарса, екінші жағынан жаңа жұмыс түрлерін ынталандырады. Zhang (2023) [4] ЖИ индустриясының жұмыспен қамтудың сандық және сапалық параметрлеріне әсерін көрсетсе, ал Cramarenco, Burcă-Voicu және Dabija (2023) [5] қызметкерлердің дағды құрылымы мен әл-ауқатына әсер ететін факторларды талдайды. Verma және әріптестері (2022) [6] ЖИ саласындағы ең сұранысқа ие құзыреттердің тізімін ұсынады. Генеративті жасанды интеллекттің мамандардың өнімділігі мен жұмыс сапасына ықпалы Brynjolfsson және т.б. (2025) [7], Dell’ Acqua және т.б. (2023) [8], сондай-ақ Hoffmann және т.б. (2024) [9] зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Аймақтық факторлар мен цифрлық теңсіздік құзыреттерді дамытудағы контекстік алғышарттар ретінде Kurmanov және т.б. (2022) [10] мен Akimov және т.б. (2023) [11] еңбектерінде сарапталған.

Осы зерттеудің материалдық негізін AI Index 2025 (Maslej және т.б., 2025) есебінде ұсынылған жиынтық статистикалық және сауалнамалық деректер құрайды [12]. Атап айтқанда, ЖИ саласындағы бос жұмыс орындарының динамикасы, нақты дағдыларға деген сұраныс, жасанды интеллектке қатысты жұмыспен қамтудың салалық құрылымы, сондай-ақ McKinsey & Company компаниясының ЖИ-дің персонал санына және қайта даярлау қажеттілігіне әсері жөніндегі болжамдары қамтылған.

Зерттеудің әдіснамалық базасы келесі құрамдас бөліктерді қамтиды: статистикалық және сауалнамалық деректерді қайталама талдау әдістері; құрылымдық және салыстырмалы талдау; негізгі параметрлер (ЖИ бойынша бос жұмыс орындарының үлесі, сұранысқа ие дағдылар, болжамдар) бойынша өзгерістерді графикалық түрде визуализациялау; алынған қорытындылардың негізділігін растау мақсатында ғылыми дереккөздерді жүйелеу.

Талдау бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды:

1.2012–2024 жылдар аралығындағы ЖИ саласындағы бос жұмыс орындары негізінде сұранысқа ие дағдылардың динамикасын салыстырмалы түрде талдау.

2. Экономиканың әртүрлі секторларындағы ЖИ-бос жұмыс орындарының үлесінде орын алған өзгерістерді бағалау.

3. Генеративті ЖИ-дің жұмыспен қамту құрылымына және кадрларды қайта даярлау ауқымына ықпалына қатысты болжамдарды зерттеу.

4. Бұрын жарияланған ғылыми зерттеулер негізінде алынған нәтижелерді интерпретациялау.

Қол жеткізілген нәтижелердің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз ету үшін зерттеуде деректерді өңдеу процедураларының кешені қолданылды. Бірінші кезеңде барлық статистикалық және сауалнама деректері бірыңғай нұсқаға келтірілді, олардың толықтығы мен салыстырмалылығына тексеру жүргізілді. Келесі кезекте ақпарат массивтеріне алдын ала тазарту жүргізілді: шамадан тыс мәндерді, қайталанатын және толық емес бақылауларды алып тастау, сондай-ақ көрсеткіштерді қалыпқа және салыстырмалы өлшем бірліктеріне келтіру. Келесі кезеңде 2012-2024 жылдардағы тенденцияларды анықтау үшін динамикалық қатарларды талдау әдістері қолданылды. Негізгі параметрлерді визуализациялау графиктер арқылы жүзеге асырылды, бұл ЖИ-дағдыларына сұраныстың эволюциясын, жұмыспен қамтудың салалық құрылымындағы өзгерістерді және болжамды сценарийлерді анық көрсетуге мүмкіндік берді. Сандық талдау, қайталама деректерді және салыстырмалы зерттеулердің интеграциясына негізделген мұндай әдістемелік тәсіл генеративті жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсерін жан-жақты бағалауды қамтамасыз етті және цифрландыру жағдайында білім беру және еңбек саясаты үшін тәжірибеге бағытталған ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Әдістемелік тәсілдің жаңашылдығы еңбек нарығындағы үрдістерге макроэкономикалық баға беруді ЖИ саласында сұранысқа ие кәсіби құзыреттерге микро-деңгейде жүргізілетін талдаумен үйлестіре отырып, еңбек нарығының трансформациясын кешенді бағалауға мүмкіндік беруінде. Мұндай тәсіл цифрлық трансформация жағдайында білім беру және еңбек саясатын жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оларды жасанды интеллекттің әсерінен болатын құрылымдық өзгерістерге бейімделген ұлттық құзыреттілік стратегиясын әзірлеу ісінде қолдануға болады және бұл әсіресе цифрлық экономикасы қалыптасу сатысында тұрған Қазақстан сияқты елдер үшін өзекті болып табылады.


Нәтижелер және талқылау. Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы еңбек нарығындағы кәсіби дағдыларға қойылатын талаптар құрылымына елеулі өзгерістер енгізуде. Технологиялық трансформация жағдайында кәсіпорындар бизнес-процестерін қайта қарап, цифрлық шешімдерді кеңінен енгізуге көшуде, сонымен қоса бұл жағдай, өз кезегінде, жаңа типтегі құзыреттерге деген сұраныстың артуына алып келді.

1-сурет 2012–2014 және 2024 жылдар аралығындағы деректерді салыстыру арқылы жасанды интеллект саласындағы бос жұмыс орындарында сұранысқа ие ең маңызды он мамандандырылған дағдының динамикасын бейнелейді.

1-суреттегі деректерге сәйкес, 2024 жылы 199 213 жұмыс орнында Python бағдарламалау тілін білуге сұраныс болған, бұл көрсеткіш 2012–2014 жылдардағы деңгейден алты есе жоғары (31 782 жұмыс орны). Маңыздылығы жағынан екінші орында – информатика саласындағы дағдылар, олар 193 341 бос жұмыс орнында талап етілген, бұл базалық кезеңдегі 83 826 көрсеткішінен айтарлықтай артық. Сонымен қатар, деректерді талдау дағдыларына (128 938 қарсы 41 842), SQL тілін білуге (119 441 қарсы 51 304), және деректер ғылымындағы құзыреттілікке (110 620 қарсы 11 861) деген сұраныстың да айтарлықтай артқаны байқалады.

Процестерді автоматтандыру (102 210), жобаларды басқару (101 127), Amazon Web Services бұлтты қызметтері (100 881) және Agile әдістемесі (88 141) сияқты басқару мен инфрақұрылымға қатысты дағдыларға ерекше назар аударылады. Бұл құзыреттердің әрқайсысы алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда бірнеше есе өсім көрсетіп отыр. Сонымен қатар, тұрақты және

тиімді ЖИ шешімдерін құрудың негізгі элементі болып табылатын, салыстырмалы түрде «техникалық емес» масштабтау дағдысына деген сұраныс та едәуір артқан – бұл көрсеткіш 19 886-дан 86 990-ға дейін өскен.



1 - сурет. 2012-2014 және 2023 жылдардағы жасанды интеллект саласындағы бос жұмыс орындарда жиі кездесетін мамандандырылған Топ-10 дағды

Ескерту - [12] деректері негізінде авторлар құрастырған

Аталған нәтижелер жұмыс берушілер талаптарының эволюциясын нақты сипаттайды және ЖИ саласындағы мамандардың құзыреттілік бейіні енді аналитикалық, инженерлік, басқарушылық және бағдарламалық дағдыларды интеграциялау бағытына қарай өзгергенін көрсетеді.

Талдаудың келесі аспектісіне көше отырып, 2-суретте 2023 және 2024 жылдардағы ЖИ саласындағы бос жұмыс орындарында генеративті жасанды интеллектке қатысты негізгі дағдыларға деген сұраныс динамикасы ұсынылған.

2-суреттегі деректер генеративті технологияларды іс жүзінде қолдануға жұмыс берушілердің қызығушылығының қарқынды артып келе жатқанын көрсетеді, бұл олардың цифрлық экономикадағы маңыздылығының өсіп келе жатқанын дәлелдейді.

2024 жылы ең жоғары абсолюттік көрсеткіш «генеративті жасанды интеллект» дағдысына қатысты тіркелді - 66 635 бос жұмыс орны, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 4,2 есе көп. Екінші орынды үлкен тілдік модельдер алады – 19 562 бос жұмыс орны, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 295%-ға артқан. Сонымен қатар, өнеркәсіптік инженерия (6 263 бос жұмыс орны, 350% өсу) және ChatGPT қолдану (5 664 бос жұмыс орны, +86%) сияқты бағыттарда да айтарлықтай өсім байқалды.

Арнайы технологиялар ерекше назар аударуға лайық: экстракциямен толықтырылған генерация (Retrieval-Augmented Generation, RAG) бойынша сұраныс 2047%-ға, ал Microsoft Copilot бойынша 2238%-ға артқан. Бұл көрсеткіштер генеративті құралдардың қолданбалы бизнес-процестерге жедел енгізіліп жатқанын айқын көрсетеді. Өсім қарқыны сондай-ақ вариациялық автокодерлер (VAEs) мен мультимодальды модельдер бойынша тіркелген – тиісінше 89% және 1566%.



2 - сурет.2023 және 2024 жылдардағы жасанды интеллект саласындағы бос жұмыс орындарда генеративті жасанды интеллектке қатысты дағдылар

Ескерту - [12] деректері негізінде авторлар құрастырған

Сонымен қатар, мәтіннен сөйлеуге түрлендіру (TTS) дағдыларын талап ететін жұмыс орындарының саны екі есеге жуық азайғаны байқалады (2021 жылы – 1 045 бос жұмыс орны), бұл дәстүрлі сөйлеу синтезі тапсырмаларынан неғұрлым кешенді және креативті ЖИ шешімдеріне сұраныстың ауысуын көрсетеді.

